



ПРЕЗИДЕНТ ДОХАҒА БАРДЫ

Қазақстан Президенті Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әміріне және оның әулетіне Әмір-Әке шейх Хамад бен Халифа Әл Тәнидің дүниеден озуына байланысты көңіл айту үшін Дохаға барды.

Президент қуатты әрі өркендеген Қатар Мемлекетін құруға шейх Хамадтың өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті.

— Қазіргі Қатардың көптеген айтұлы тарихи жетістігі мен халықаралық аренадағы жоғары беделі оның есімімен тығыз байланысты. Шейх Хамад әлемдік ауқымдағы мемлекет қайраткері әрі қазақ халқының досы еді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазақ-қатар қарым-қатынасының қалыптасып, табысты дамуына шейх Хамад бен Халифа Әл Тәнидің зор еңбек сіңіргенін айтты.

Ол Қазақстанға екі рет ресми сапармен келді. Әмірді бірінші сапары кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев Сыртқы істер министрі қызметінде қарсы алған.

Мемлекет басшысы шейх Хамадтың бастамасымен Астанада әл-Фараби мешіті бой көтергенін,

сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асқанын еске алып, ризашылық білдірді. Бұл — екі ел арасындағы шынайы достық пен өзара түсіністіктің жарқын көрінісі іспеттес.


— Осынау қаралы сәтте Алла Тағаладан марқұмның жаны жәннатта болуын сұрап, дұға етеміз, — деді Қазақстан Президенті.

Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни арнайы келіп көңіл айтқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Қатар мен Қазақстан халықтарының бауырластық байланыстары айрықша сипатқа ие екеніне назар аударды.

Қатар тарапының бастамасымен мемлекеттер басшылары қазіргі халықаралық ахуал, соның ішінде Таяу Шығыстағы жағдай туралы пікір алмасты.

Президент Қатар Әмірін өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды. Шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни шақыруды ықыласпен қабыл алды.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Черногорияның Мемлекеттілік күніне орай Президент Яков Милатовичті құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Черногория арасындағы достыққа және өзара құрметке негізделген көпжылдық ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын жеткізді. Жеделхатта Черногория көшбасшысының жуырда Астанаға жасаған ресми сапары екіжақты қарым-қатынастар тарихындағы маңызды кезеңге жол ашқаны және кең ауқымды салалардағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік бергені атап өтілген.

Қасым-Жомарт Тоқаев Яков Милатовичтің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал достас Черногория халқына құт-береке тіледі.

ОТАНДЫҚ КОМИКСТЕР ФЕНОМЕНІ

Кітап оқу – баланың алдынан дүниенің есігін ашатын ғажайып кілт. Ол кішкентай оқырманның ой-өрісін кеңейтіп, сыни ойлау қабілетін ұштайды, таным көкжиегін кеңейте отырып, ұлттық құндылықтар мен әлем мәдениетінің нәрін бойға сіңіруге көмектеседі.



ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ



Мемлекет басшысы Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының биылғы қантармаусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есепті тыңдап, экономиканы одан әрі әртараптандыру жоспарымен танысты.

Премьер-министр бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім көлемі 4,1 пайызға өскенін баяндады. Экономика құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі — 9,8 пайызға, көлік саласы — 7,1 пайызға, құрылыс 15,2 пайызға артты. Сондай-ақ саудасаттықта — 5,7 пайыз, ауыл шаруашылығында — 4,4 пайыз және байланыс қызметінде 4,3 пайыз өсім тіркелді. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 9,5 триллион теңгені құрады, соның ішінде жеке инвестиция 21,4 пайызға ұлғайды.

Олжас Бектенов ұлттық экономика құрылымын нығайту жөнінде есеп берді. Биыл өңдеу секторында 1,7 триллион теңгеге 200 инвестициялық жоба іске қосылып, 17 мың жұмыс орны ашылады. Үкімет басшысы ірі автожол жобаларының жүзеге асырылу барысы, Астана қаласындағы екінші әуежайдың құрылысын және Tarlan Astana көлік жүйесінің келесі кезеңін жоспарлау туралы айтты. Пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 20 миллион шаршы метрге жетпек. Ауыл шаруашылығындағы өндіріс көрсеткіші 15 триллион теңгені құрап, егістік алқаптары 23,8 миллион гектарға дейін ұлғайды. Шаруаларды қолдауға 1 триллион тең-

ге бөлінді. Бұл ретте бюджеттің әр теңгесі 6,5 теңге жеке инвестиция тартау септігін тигізді.

Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспардың іске асырылуы және инфляцияны төмендету шаралары туралы ақпарат берілді. Маусым айында жылдық инфляция деңгейі 10,3 пайызды құрады.

Президентке әлеуметтік және көші-қон саясатын жетілдіру нәтижелері туралы баяндалды, сондай-ақ жұмысқа орналасуға ынталандыру арқылы әлеуметтік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру тәсілдері таныстырылды. Кейбір әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру нәтижесінде жылына 800 миллиард теңгеден аса қаржы үнемделеді.

Кездесуде жылыту маусымына дайындық мәселесіне айрықша назар аударылды. Өткен маусымның қорытындысы бойынша бес жылу электр орталығы аса жоғары тәуекелдің «кызыл» аймағынан шығарылып, үш ЖЭО «жасыл» аймаққа ауыстырылды. Биылғы жөндеу жұмыстары 9 энергия блогын, 55 қазандықты және 51 турбинаны қамтиды. Аталған мақсатқа 384 миллиард теңге бөлінген. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жыл соңына дейін 12 мың шақырым инженерлік желі жөнделеді.

Президентке цифрландыру және ұлттық AI инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы мәлімет ұсынылды.

Олжас Бектенов «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» жобасын іске асыру мақсатында әлемдік IT көшбасшыларымен бірге қуаты 250 МВт болатын инфрақұрылым жасакталатынын айтты. Шетелден тартылған инвестиция көлемі 10 миллиард доллардан асты.

Мемлекет басшысына туризм инфрақұрылымын жаңғырту жайында есеп берілді. Алматы тау кластерін дамыту туризм саласының ІЖӨ құрылымындағы үлесін арттырады. Алматы SuperSki жобасының құрылысы жандана түсті: 60 шақырым трасса құрылысы аяқталғанда тәулігіне 10 мың адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндік туады. Нысанды пайдалануға беру 2028 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Еліміз «Болашақ ойындары-2026» жарыстарын өткізуге дайын.

Мемлекет басшысы жана Конституцияға сай қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар болды. Заңнаманы Ата заңға сәйкестендіру, «Әділетті Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттарын нығайту, әлеуметтік саясатты жетілдіру, Алатау қаласын қарқынды дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастыру, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бастамасын ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді өркендету бағытындағы жүйелі қадамдарды жалғастыруды тапсырды. Үкіметке әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салуға арналған ауқымды бағдарламаны қолға алу міндеті жүктелді. Бұл бастама ел азаматтарының тұрмыс сапасын айтарлықтай жақсартуға тиіс. Заманауи денсаулық сақтау нысандарын салуға ерекше назар аударылады.

БАСПАНАНЫҢ БІРЫҢҒАЙ КЕЗЕГІ: БІР ӨКІНІШ, БІР ҮМІТ

Бір жылдай бұрын, 2025 жылғы мамырда жалпыреспубликалық тұрғын үй кезегі енгізілді. Оны басқару құзыреті Отбасы банкіне берілді. Осы кезден баспанаға мұқтаж азаматтарды есепке алу орталықтанды. Бұған дейін үй кезегін әр әкімдік жеке түзетін. Соның салдарынан бірнеше қалада қатар тіркеліп, әрқайсысынан пәтер алған алаяқтар пайда болған. Бірыңғай тізім енгізілгенде Үкімет бұл өзгеріс үй кезегін қысқартатынын уәде еткен еді. Іс жүзінде керісінше болды: кезек күрт көбейді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қос палаталы Парламенттің 2026 жылғы 30 маусымдағы соңғы бірлескен отырысында халықты баспанамен қамтудың стратегиялық мәнге ие екеніне жеке тоқталды.

— Елімізде түбегейлі жана Құрылыс кодексі қабылданды. Стратегиялық маңызы айрықша саланы ретке келтіру үшін қабылданған құжаттың маңызы зор. Былтыр Қазақстанда 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл да тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Ең басты нәтиже — мындаған отбасы баспаналы болды, — деді Президент.

Ол Үкіметке халықты баспанамен қамтудағы мәселелерді еңсеруге бағытталған шара қабылдауды жүктеді. Өз кезегінде Министрлер кабинеті Парламент палаталарының бірлескен отырысында айтылған Президент тапсырмаларын жүзеге асыруға кірісіп кеткенін хабарлады.

— Былтырғы жыл қорытындысы бойынша, барлық қаржыландыру көздері есебінен 20,1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 5 141 тұрғын үй сатып алынды. Бұл жұмыс жалғасады. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне өңір әкімдіктерімен бірлесіп, жоспарланған тұрғын үй көлемінің пайдалануға берілуін қамтамасыз ету тапсырылды.



Инженерлік инфрақұрылымды уақытылы жүргізу және құрылыс жұмыстарының сапасы ерекше бақылауда болады, — деп баяндалды жуырда Премьер-министр Олжас Бектенов.

14 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ



«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДІ ТІРКЕУ ҮШІН ОСК-ға ҚҰЖАТ ТАПСЫРДЫ

«Әділет» партиясы Құрылтай депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін тіркеу үшін Орталық сайлау комиссиясына құжат тапсырды.

Тізімге 186 адам енгізілді. Олардың қатарында еліміздің барлық өңір өкілдері, түрлі кәсіби қауымдастық пен қоғамдық саланың мүшелері бар. «Әділет» партиясы ашықтық, заңдылық және демократиялық рәсімдерді құрметтеу қағидаттарын басшылыққа ала отырып, сайлау процесінің барлық кезеңіне қатысуын жалғастырады.

САЯСАТ

БАҚ ПЕН ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР БАР

Мәдениет және ақпарат министрлігі 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы кезіндегі бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларды пайдаланушыларға сақталуға тиіс заң талаптарын еске салды.

Министрліктің мәліметінше, партиялық тізімдерді ұсыну 2026 жылғы 13 шілде сағат 18:00-ге дейін, ал оларды тіркеу 23 шілде сағат 18:00-ге дейін жалғасады. Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары тіркеу кезеңі аяқталғаннан кейін, яғни 23 шілде сағат 18:00-ден соң басталады. Заң талаптарына сәйкес, барлық бұқаралық ақпарат құралдары саяси партиялардың партиялық тізімдерін ұсынуы мен оларды тіркеу туралы ақпаратты тең көлемде жариялауға міндетті. Бұл талап сақталмаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Сондай-ақ БАҚ пен онлайн-платформалар тіркелген кандидаттар мен партияларға үгіт материалдарын тек шарт негізінде орналастыра алады. Бұл талап саяси партиялар мен кандидаттардың өздерінің ресми интернет-ресурстары мен әлеуметтік желідегі парақшаларына қолданылмайды. Министрлік онлайн-платформаларды пайдаланушылардың қаржыландыруды қажет етпейтін жеке пікір білдіруіне заңмен тыйым салынбайтынын атап өтті. — БАҚ пен онлайн-платформалар 2026 жылғы 18 шілдеге дейін үгіт материалдарын орналастыру құны мен шарттары



туралы ақпаратты жариялап, оны Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына ұсынуға тиіс. Егер БАҚ әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында үгіт материалдарын жариялауды жоспарласа, бұл аккаунттар туралы мәліметтер де ОСК-ға берілуі қажет, — делінген хабарламада. Үгіт материалдарын орналастыру тек ОСК-да тіркелген партиялармен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады және олардың талаптары қандай да бір саяси күшке артықшылық бермеуге тиіс. Сонымен қатар БАҚ пен онлайн-платформалар саяси партиялардың арнамысы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін материалдарды жариялаудан бас тартуға міндетті. Мұндай ақпарат жарияланған жағдайда оны тегін теріске шығару талап етіледі.

Сайлауалды үгіт-насихат 2026 жылғы 22 тамыз сағат 00:00-де аяқталады. Заннамаға сәйкес, партиялық тізімдерді тіркеу аяқталғанға дейін, сондай-ақ 22 және 23 тамыз күндері үгіт жүргізуге тыйым салынады. Министрлік телерадио хабарларын тарату субъектілеріне жаңалықтар мен талдамалық бағдарламаларда кез келген үгіт материалдарын таратуға болмайтынын да ескертті. Бұдан бөлек, қоғамдық пікірге жүргізілген сауалнамалар мен сайлау болжамдарын жариялау кезінде заңда белгіленген талаптарды сақтау міндетті. Әсіресе дауыс беруге дейінгі бес күн ішінде және сайлау күні мұндай материалдарды жариялауға қатысты арнайы шектеулер қолданылады. Заң талаптарын бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілік көзделген.

БІРТҰТАС ЕЛ – БІРТҰТАС ҚҰРЫЛТАЙ

«Егер екінші палата бірінші палатамен келісе берсе – ол артық әрі қажетсіз, егер келіспесе – зиянды әрі деструктивті». Саяси сана саңлағы Аббат Сийестің осыдан екі жарым ғасыр бұрын айтқан бұл сөзі Қазақстандағы парламенттік реформаның себебін түптеп түсіндіретін сияқты. Өйткені халық біртұтас болғандықтан, оның ерік-қалауын білдіретін заң шығарушы орган да бөлінбеуге тиіс. Күні кеше күшіне енген Конституция бойынша енді бір палаталы Құрылтай құрылып, мемлекеттік басқару жүйесі мүлде жаңа сипатқа көшеді.

А Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Жаңарған Ата заң аясында жаппай талқылауға лайық ең үлкен новелла: Парламент Құрылтай аталып, қос палаталы (бикамералды) үлгіден бір палаталы (монокамералды) үлгіге ауысады. Конституциялық құқық тұрғысынан сараласак, бұл — жай ғана депутаттық корпусының бір қанатын қырма салу емес, билік тармақтары арасындағы тежеу және теңгеру тетіктерін қайта қарастыратын стратегиялық қадам. Әрине, жаңаның бәрі жақсы екен, ескінің бәрі жаман екен деп өз міндетін отыз жыл бойы орындаған жүйеге топырақ шашпаймыз. Әлемдік парламентаризм тарихында палаталар саны әртүрлі болған, әлі де әртүрлі парламент бар. Әртүрлінің бір түрін сыпыра мақтап, екінші бір түрін сықпырта даттасак, сынаржақтыққа ұрынар едік. Өзіміз бас тартып отырған қос палаталы нұсқа да ежелгі дәуірден тамыр тартады. Бізге белгілі классикалық моделі Ұлыбританияда қалыптасқан. Онда Парламент ағылшын қоғамындағы бай-кедейді бірдей қамтып, ақсүйектер Лордтар палатасын, қарапайым халық Қауымдар палатасын құрайтын. Аумалы-төкпелі төңкерістерге, демократияландыру үрдістеріне қарамастан, бүгінге дейін бұл механизмнің мұрты бұзылған жоқ.

Жалпы, кез келген мемлекеттік мекеменің туу, кемелдену, жаңғыру кезеңдері болады. Саяси сахнаға уақыт талабымен шыққан кейбір институттар заман озып, дәуір алмасқанда өз миссиясын аяқтап, өзге тиімдірек үлгілерге орын босатады. Қазақстанның заң шығарушы органы да күрделі эволюциялық құбылыстарды бастан кешіп. Қос палаталы



Парламенттің құрылу тарихын өтпелі кезеңдегі саяси һәм конституциялық дағдарыстар контексінен тыс талдау мүмкін емес. 1995 жылғы Конституцияға дейін кеңестік жүйеден мұраға қалған бір палаталы Жоғарғы Кеңес жұмыс істеді. Бірақ бұл өкілдік орган атқарушы билікпен созылмалы текетіреске түсіп, мемлекеттік басқару жүйесін тығырыққа тіреді. Сол тұстағы бір палаталы Парламент депутаттары популизмге бой ұрғыш, саяси радикализмге бейім, Президент пен Үкіметтің реформалық бастамаларын бұғаттауға тырысатын тұрақсыз орган сынайында көрінді. Соның салдарынан 1993 жылдың соңында ХІІ шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес мерзімінен бұрын тараса, 1995 жылдың көктемінде Конституциялық соттың шешімімен ХІІІ шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес легитимсіз деп танылды. Ақыры 1995 жылы жанадан қабылданған Ата заң бойынша еліміз Мәжіліс пен Сенаттан тұратын қос палаталы Парламент моделіне бет бұрды. Сенат ең алдымен өңірлерлердің өкілдігін қамтамасыз етіп, аймақтық элиталар мүддесін тепе-теңдікте ұстады. 90-жылдардың ортасында Қазақстан үшін сепаратизмнің алдын алу, орталық билік пен облыстардың байланысын нығайту ұлттық қауіпсіздікке парапар мәселе еді. Одан соң жоғарғы палата Мәжіліс қабылдаған эмоцияға

толы немесе радикалды сипаттағы заң жобаларын өз деңгейінде сүзгіден өткізіп, салқынқанды сарапқа салып отырды. Екі сатылы талқылау тәртібі заңдардың сапасын арттыру құралы ретінде өз тиімділігін дәлелдеді. Қысқасы, 1995 жылы құрылғаннан бастап бүгінгі реформаларға дейінгі кезеңде Сенат жай ғана заң шығарушы орган емес, отандық саяси жүйенің тірегі, тұрақтылықтың кепілі әрі билік транзитінің маңызды элементі болды. Әсіресе 2019 жылы билік транзитін жүзеге асыруда жоғарғы палата шешуші рөл атқарды. Тұңғыш президент күтпеген жерден өз өкілеттігін тоқтатқан кезде мемлекет тізгіні Конституцияның 41-бабына сәйкес, Сенат төрағасының қолына ың-шыңсыз өтті. Осының арқасында биліктің легитимділігі туралы артық сұрақтар туындамай, бейбіт сабақтастық сақталды. Алайда 2022 жылғы Конституциялық реформа нәтижесінде Сенаттың құзыреті біршама төмендеді. Жоғарғы палатадағы Президент квотасы 15-тен 10 депутатқа азайтылды. Заң қабылдау формуласы да өзгерді: оған дейін заңды екі палата бірлесіп қабылдаса, одан кейін «Мәжіліс заң қабылдайды, Сенат тек мақұлдайды немесе мақұлдамайды» деген қағида енгізілді. Заң шығару құқығы шектелген Сенат жай ғана сараптаушы-кенешші палата болып

қалды. Яғни қазіргі монокамералды жүйеге ауысу реформасын осы бағыттағы шаралардың заңды жалғасы десек, асыра сілтемейтін шығармыз. Мамандардың пайымынша, бір палаталы Құрылтайда заң шығару процесі барынша жеделдеп, бюрократиялық кедергілер бұзылады екен. Бикамералды жүйеде заң жобасы Мәжілісте айлар бойы талқыланып, сосын Сенатқа барып, онда тағы түзетіліп, палаталар арасында допша домалап жүретін. Мәселен, Мәжіліс бір заңды қабылдап, Сенатқа жолдады делік. Өз кезегінде Сенат бұл құжатты тағы бірнеше ай қарап, не мақұлдайтын, не мақұлдамайтын. Мақұлдаса, іс онынан шешілді деген сөз. Мақұлдамаған жағдайда ескертпелер жазылған заң жобасы Мәжіліске қайтарылатын. Мәжіліс Сенаттың пікірімен келіспесе, екі палатадан депутаттар тартылып, Келісім комиссиясы құрылатын. Комиссия ортақ мәтінді әзірлеп, оны қайтадан Мәжілістің, артынан Сенаттың пленарлық отырыстарына бекітуге шығаратын. Мұндай бюрократия батпағы, ұзын-сонар құжат айналымы заңның қабылдануын 3 айдан 6 айға дейін кешіктіретін. Сөйтіп, Үкіметтің макро-экономикалық немесе әлеуметтік сын-көзқарастарға шұғыл реакция көрсетуі қабілетін тежелетін. Ендігі монокамералды жүйеде заң шығару мерзімі 60-70 пайызға

жылдамдайды екен. Себебі толықтырулар мен түзетулердің бәрі екі палата арасында емес, бір палата ішіндегі жұмыс тобында пысықталады. Түзету өтті ме — заңға қосылады, өтпеді ме — депутаттардың көпшілік даусымен қабылданбайды, сөз қысқа. Атқарушы билік өкілдері де екі палатаның ортасында шапқылап, алтынан қымбат уақытын жоғалтпайды. Бір палаталы модель биліктің жауапкершілігін де жақсарта ма деген үміт бар. Қос палаталы жүйеде Үкімет те, депутаттар да заңнан шикілік шықса, кінәні бір-біріне сілтей алатын. Мысалы, Үкімет мүшелері: «Біз заң жобасын ерте дайындап едік, бірақ ол екі палатаның арасында ұзақ жатып қалды», — деп сылтауратса, халық қалаулылары: «Біз заң жобасын Сенат пен Мәжіліс деңгейінде мұқият тексердік», — деп ақталуға себеп табады. Ал монокамералды Құрылтай ондай саяси ойындарға тосқауыл қояды. Өйткені әрбір депутаттың заң жобасына берген дауысы, енгізген түзетуі оның аты мен абыройына тікелей әсер етеді. Бұл мемлекеттік машинаны нәтижеге бағдарланған жұмыс тәсілін таңдауға мәжбүрлейді. Халықаралық тәжірибеге көз жүгіртсек, саяси мәдениеті жетілген, экономикасы дамыған көптеген қоғамның бір палаталы үлгіні сәтімен қолданып отырғанын байқаймыз. Мәселен, Жана Зеландияда аттай бір ғасыр бойы британдық Вестминстер жүйесіне негізделген қос палаталы парламент болды. Әйтсе де, XX ғасырдың ортасына қарай ондағы жоғарғы палата ешқандай саяси салмағы жоқ, төменгі палатаның бастамаларын бірауыздан мақұлдайтын, бюджетті босқа шығындайтын қолжаулық органға айналды. 1951 жылы ел билігі оның пайдасынан зияны көп екенін түсініп, әртүрлі айла-шарғымен жойып жіберді. Швецияда 104 жылдық тарихы бар Бірінші палата 1970 жылы жабылды. Басты уәж ретінде шешім қабылдау процесін демократияландыру, бюрократиялық сатылардан арылу, парламенттің халық алдындағы есептілігін еселеу тәрізді себептер айтылды. Дания да 1953 жылы монокамерализмді тандап, саяси жүйенің икемділігін арттырды. Мыңғырған мысалдарды тізе берсек, соза береміз. Қазақстанның бір палаталы модельге көшуі осы алдыңғы қатарлы жаһандық үрдістермен толық үндеседі. Сонау 1787 жылы америкалық әйгілі саясаткер Бенжамин Франклин бикамерализм жайында: «Қос палаталы парламент дегеніміз — бір арбаға екі атты қарама-қарсы жегіп қойып, оларды қамшымен осықпала секілді қысыпқа қайышы нәрсе. Арба не орынан қозғалмайды, не ортасынан қай айырылады», — деп бейнелі мысал келтіріпті. Келіспеске амал кем.

НАРЫҚ

14 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстанның болашағы тек ірі қалаларда емес, өңірлерде қалыптасып жатыр. Қай облыс көбірек инвестиция тарта алса, сол жерде жаңа өндіріс ашылып, жаңа жұмыс орындары құрылады, шағын бизнес дамиды. Сондықтан инвестиция үшін жүріп жатқан өңірлер арасындағы бәсеке – рейтингтегі орын үшін емес, экономикалық өсім үшін күрес. Биылғы бес айдың қорытындысы бұл жарыста жаңа көш-басшылардың пайда болғанын көрсетті.

Кәмила ДҮЙСЕН

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, өңірлер арасындағы айырмашылықтың күшейіп келе жатқанын көруге болады. Мысалы, республикалық маңызы бар қалаларды есептегенде, қантар-мамыр айларында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша Түркістан облысы көш бастады. Өңірге бес ай ішінде 614,2 млрд теңге инвестиция тартылған. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 58,4 пайызға немесе 226,4 млрд теңгеге көп.

Сарапшылардың пікірінше, бұл көрсеткіш кездейсоқ қалыптасқан жоқ.

«Инвестиция көлемінің артуы өңір экономикасының жаңа кезеңге өткенін білдіреді. Бұл жерде әңгіме тек статистика туралы емес. Инвесторлар қаржыны болашағы бар өңірлерге ғана бағыттайды. Сондықтан инвестицияның көбеюі жаңа өндірістердің іске қосылып жатқанын, инфрақұрылымның дамып келе жатқанын және бизнестің өңірге деген сенімі артқанын көрсетеді. Ұзақмерзімді перспективада мұндай жобалар халықтың табысына да, жұмыспен қамтылуына да оң әсер етеді», — дейді Ranking.kz сарапшылары.

Көпшілік Түркістан облысындағы өсімді туризммен байланыстыруы мүмкін. Алайда статистика мүлде басқа. Ranking.kz деректеріне сәйкес, өңірдегі инвестициялық өсімнің негізгі драйвері — өнеркәсіп пен энергетика. Әсіресе электрмен жабдықтау саласына бағытталған инвестиция көлемі бір жыл ішінде 19,3 есеге артқан. Бұл облыстың энергетикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған ірі жобалардың орталығына айналып келе жатқанының белгісі.

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ МУЛЬТИПЛИКАТИВТІ ӘСЕРІ МОЛ

Мұндай өзгеріс тек Түркістанға ғана тән емес. Halyk Finance сарапшысы Салтанат Игенбекованың пікірінше, жалпы республика бойынша инвестициялық өсімнің негізгі қозғаушы күші де дәл осы энергетика саласы болып отыр.

«2026 жылдың алғашқы айларында негізгі капиталға салынған инвестиция-

ҚУАТТЫ ӨҢІР – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН: ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ КӨШІН КІМ БАСТАДЫ?



лардың өсіміне ең үлкен үлесті электрмен жабдықтау саласы қосты. Жалпы өсімнің 58 пайызы осы сектордың еншісінде болды. Бұл Ұлттық энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жобаларының іске асырыла бастағанын көрсетеді. Энергетикалық жүйе жанар-майынша жаңа өндірістерді іске қосу қиын. Сондықтан бүгінгі инвестициялар болашақтағы өнеркәсіптік өсімнің негізін қалыптастырып жатыр», — дейді экономист Салтанат Игенбекова.

Инвестиция туралы айтылғанда көпшілік миллиардтаған теңге мен ресми статистиканы ғана елестетеді. Бірақ оның шынайы әсерін тұрғындардың тұрмыс тіршілігінен байқамау мүмкін емес. Өйткені өңірге жаңа инвестор келсе, ең алдымен өндіріс орындары ашылады, жаңа жұмыс орындары пайда болады. Соның арқасында жергілікті кәсіпкерлерге де жаңа мүмкіндік туады: біреуі құрылыс материалын жеткізсе, енді бірі тасымал қызметін көрсетеді, тағы бірі тамақтандыру немесе қызмет көрсету саласын дамытады. Экономика жандана бастаған сайын бюджетке түсетін түсім де көбеймек. Ал бұл қаржы жаңа мектеп салуға, ауруханаларды жаңартуға, жолдарды жөндеуге және елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартуға жұмсалады. Мамандар мұны мультипликативтік әсер деп атайды.

«Инвестицияның нәтижесі бірден сезіле қоймайды. Бірақ бірнеше жылдан кейін оның ықпалы анық байқалмақ. Бір өндіріс орнының айналасында ондаған шағын кәсіпорын пайда болады. Жұмыспен қамту артпай, қызмет көрсету саласы кеңейеді, халықтың табысы өседі. Сондықтан инвестицияны тек бүгінгі қаржы көлемімен емес, оның ертеңгі экономикалық қайтарыммен бағалау қажет. Өңірдің ұзақмерзімді дамуы дәл

осындай жобаларға байланысты», — дейді Ranking.kz сарапшылары.

ӨҢІРДІҢ МҮМКІНДІГІ БІР ҒАНА ӨЛШЕММЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

Жалпы инвестиция көлемі бойынша рейтингтің соңында тұрған өңірлердің жағдайын бір ғана көрсеткішпен бағалау дұрыс емес. Мысалы, Ұлытау облысы жалпы инвестиция көлемі жағынан төменгі орындардың бірінде болғанымен, жан басына шаққандағы инвестиция көлемі 573,6 мың теңгені құрады. Бұл — елдегі ең жоғары нәтижелердің бірі. Сарапшылардың пікірінше, дәл осы көрсеткіш өңірдің даму әлеуетін жақсырақ көрсетеді.

«Жан басына шаққандағы инвестиция көлемі өңірдің нақты мүмкіндігін бағалауға көмектеседі. Халық саны аз облысқа тартылған әрбір жоба әлдеқайда үлкен экономикалық әсер береді. Мұндай өңірлерде жаңа кәсіпорындардың ашылуы еңбек нарығын өзгертеді, шағын бизнеске сұранысты арттырады және жергілікті экономиканың құрылымын жаңартады. Сондықтан өңірлерді бағалағанда абсолют көрсеткішпен қатар жан басына шаққандағы инвестиция көлеміне де назар аудару қажет», — дейді Ranking.kz сарапшылары.

Қантар-мамыр айларының қорытындысы бойынша, бес өңірде инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда абсолют көрсеткішпен қатар жан басына шаққандағы инвестиция көлеміне де назар аудару қажет», — дейді Ranking.kz сарапшылары. Қантар-мамыр айларының қорытындысы бойынша, бес өңірде инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда абсолют көрсеткішпен қатар жан басына шаққандағы инвестиция көлеміне де назар аудару қажет», — дейді Ranking.kz сарапшылары. Қантар-мамыр айларының қорытындысы бойынша, бес өңірде инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда абсолют көрсеткішпен қатар жан басына шаққандағы инвестиция көлеміне де назар аудару қажет», — дейді Ranking.kz сарапшылары.

Ranking.kz зерттеуіндегі ең маңызды тұжырымның бірі — Қазақстандағы инвестицияның басым бөлігін мемлекет емес, бизнес қалыптастырып отыр. Биыл негізгі капиталға салынған инвестициялардың 85,6 пайызы кәсіпорындардың өз қаражаты немесе қарыз қаражаты есебінен жүзеге асқан. Әсіресе Жамбыл, Павлодар және Маңғыстау облыстарында бюджеттен тыс қаржының үлесі 94-96 пайызға дейін жеткен.

Салтанат Игенбекованың айтуынша, мұндай өзгеріс инвестициялық құрылымның өзгеріп жатқанын көрсетеді.

«Біз мемлекеттік қаржыландыру үлесінің төмендегенін байқап отырмыз. Оның орны кәсіпорындардың өз қаражаты мен қарыз құралдарының үлесімен толығып жатыр. Банктік несиелердің үлесі бір жыл ішінде айтарлықтай өсті. Бұл инвестицияларды қаржыландыру құрылымының өзгеріп жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар мемлекет инфрақұрылымдық салалардағы маңызды инвесторлардың бірі болып қала береді», — дейді экономист Салтанат Игенбекова.

Сонымен бірге сарапшы мемлекеттің инвестициялық үдерістен толық шеттеп қалмағанын атап өтеді. Оның айтуынша, бюджет қаражаты ең алдымен энергетика, сумен жабдықтау, көлік және басқа да инфрақұрылымдық жобаларға бағытталып отыр. Мұндай тәсіл жеке капиталдың белсенділігін қатар ұзақмерзімді экономикалық өсімнің негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ САПАСЫ КӨЛЕМІНЕН ДЕ МАҢЫЗДЫ

Кейінгі жылдары Қазақстан экономикасында бұғы бір маңызды өзгеріс байқалады. Ғұрын инвестицияның басым бөлігі құрылыс жұмыстарына жұмсалса, қазір қаржының едәуір бөлігі машина мен өндірістік жабдык сатып алуға бағытталып жатыр.

Бұл — экономиканың технологиялық жаңғыруының белгісі.

«Қазіргі инвестициялық құрылымның өзгеруі маңызды үрдісті көрсетеді. Қаражат тек ғимарат салуға емес, өндірістік жабдыктарды жаңартуға көбірек бағытталып жатыр. Бұл еңбек өнімділігін арттыруға, кәсіпорындардың тиімділігін көтеруге және өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Ұзақмерзімді өсім үшін дәл осындай технологиялық инвестициялар шешуші рөл атқарады», — дейді экономист Салтанат Игенбекова.

Бір қарағанда, өңірлер арасындағы инвестициялық айырмашылық қалыпты құбылыс сияқты көрінуі мүмкін. Бір облыста мұнай өндіріледі, екіншісінде металлургия дамыған, үшіншісінде ауыл шаруашылығы

басым. Сондықтан инвестиция көлемінің әртүрлі болуы заңдылық. Алайда биылғы көрсеткіштер Қазақстанда инвестицияның құрылымы өзгеріп келе жатқанын көрсетті. Егер бұрын негізгі қаржы шикізат секторына бағытталса, бүгінде энергетика, өңдеу өнеркәсібі, көлік-логистика және цифрлық инфрақұрылым сияқты салалардың үлесі артып келеді.

Бұл өзгеріс өңірлер үшін де жаңа мүмкіндік ашып отыр. Себебі табиғи ресурсы мол емес облыстар да инфрақұрылымын дамытып, өндірісті әртараптандыру арқылы инвестор тартуға қабілетті екенін дәлелдей бастады. Түркістан облысының тәжірибесі осының жарқын мысалы.

ИНВЕСТИЦИЯ ҚАЙ САЛАЛАРҒА ҚҰЙЫЛЫП ЖАТЫР?

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2026 жылдың қантар-мамыр айларында Қазақстан экономикасына 6,7 трлн теңге негізгі капитал инвестициясы тартылды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 789,9 млрд теңгеге көп.

Өсімнің басым бөлігін екі бағыт қамтамасыз етті. Біріншісі — өнеркәсіп. Бұл саладағы инвестиция көлемі 508 млрд теңгеге ұлғайды. Екінші орында көлік және логистика тұр. Мұнда инвестиция көлемі 266,4 млрд теңгеге артқан.

Экономист Салтанат Игенбекованың айтуынша, қазіргі инвестициялық саясаттың басты ерекшелігі — инфрақұрылымдық салаларға басымдық берілуі. Сарапшының пікірінше, энергетикаға салынған инвестицияны тек коммуналдық жобалар ретінде қабылдауға болмайды. Бұл — өндіріс пен кәсіпкерліктің дамуына қажетті базалық инфрақұрылым.

АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚАНДАЙ ҮРДІС ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Экономисттің болжамынша, 2026 жылы инвестиция көлемі өсе береді. Бірақ өсім қарқыны 2025 жылғы деңгейден біршама баяу болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, шикізат секторындағы ірі инвестициялық жобалардың аяқталуымен байланысты.

«Алдағы кезеңде инвестиция көлемі өсуі жалғастырады деп күтеміз. Алайда өсім қарқыны өткен жылдағыдай жоғары болмауы мүмкін. Сондықтан басты міндет — инвестицияның сапасын арттыру. Жеке капиталды ынталандыру, технологиялық жаңғыртуға қаржы тарту және экономиканы әртараптандыру ұзақмерзімді өсімнің негізгі факторы болады. Мемлекеттік қолдау мен бизнестің белсенділігі арасындағы тепе-теңдік сақталса, инвестициялық белсенділік те тұрақты болады», — дейді С. Игенбекова.

Демек, алдағы кезеңде өңдеу өнеркәсібіне, энергетикаға, көлікке және жоғары технологиялық өндірістерге инвестиция тартудың маңызы бұрынғыдан да арта түспек.

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Қазақстан құқықтық саясатты жетілдіру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және азаматтардың бостандығын сот арқылы қорғау бағытында бірқатар маңызды жетістікке қол жеткізді. Осы орайда 1 шілдеден елде жаңа Конституция күшіне еніп, ол азаматтардың құқығын қорғау кепілдіктерін күшейтті. Сондай-ақ құқықтық мемлекеттің басты тірегінің бірі саналатын сот билігінің тәуелсіздігін одан ары нығайтуға жол ашты.

Айхан ШӘРІП

Бүгінде бұл істе мемлекетке жасанды интеллект көмекке келіп отыр. Жоғарғы соттың мәліметіне жүгінісек, кейінгі 15 жылда ЖИ-ді енгізу үшін алғышарт болған сот жүйесінің ауқымды цифрлық инфрақұрылымы құрылды. Сот практикасын талдауға, істердің ықтимал қорытындысын болжауға және қабылдар шешім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін цифрлық талдау құралдары мен судьялардың зияткерлік көмекшілері қолданылады.

Мұның сыртында енді сот құжаттарын автоматтандырылған түрде дайындау технологияларын, сондай-ақ процеске қатысушыларды тану, сот залынан стенограмма жасау үшін сөзді мәтінге автоматты түрде түрлендіру функциялары бар аудио және бейнетіркеу жүйелерін қоса алғанда, ЖИ негізіндегі жаңа буын шешімдері қолға алынған.

Жоғарғы сот бүгінде сот жүйесінің электрондық істерді, аумақтан тыс соттылықты, жекелеген процесті роботтандыруды белсенді қолданатынын хабарлады. Азаматтар мен бизнестің соттармен өзара іс-қимылын неғұрлым ыңғайлы, жылдам әрі қолжетімді ететін IT-сервистерді дамыту жалғасты. Жоғарғы сот барлық сот деңгейінде азаматтық істер бойынша «Судьяның цифрлық көмекшісі» сервисін енгізді. 1,5 жыл ішінде жүйе алдымен Астананың, Жамбыл, Қарағанды және Маңғыстау облыстарының соттарында сынақтан өтті. Пилоттық жоба қызмет көрсетудің жоғары тиімділігін паш еткен, судьялар арасында сұранысқа ие болған.

Сот әкімшілігінің басшысы Найль Ахметзакиров атап өткендей, жаңа жүйе судьяға ЖИ технологияларын пайдаланып, әрбір дау бойынша тиісті сот практикасын табуға, сондай-ақ ұқсас сот шешімдерін талдау негізінде істің ықтимал нәтижесін болжауға мүмкіндік береді. Зияткерлік іздеу талап қоюдың мазмұнын, тараптардың дәлелдерін және істің өзге де өлшемдерін ескере отырып, жұмыс істейді. Технологиялық инфрақұрылымы жаңғыртылды. Сервис бұрынғы 4 млн орнына шамамен 15 миллион бірлік ақпаратты өңдеп, бір уақытта 1 000 сұранысты орындай алады.

Жүйенің функционалдық мүмкіндіктері де кеңейтілді: ЖИ талап қоюды автоматты түрде құрылымдайды, тараптардың дәлелдерін бөліп көрсетеді және құжаттарды казак және орыс тілдерінде өңдейді. Бұл технология сот жүктемесіне және дауларды шешу сапасына практикалық әсер етеді. Мәселен, елорда соттарында пилоттық енгізу кезеңінде тараптардың татуласу деңгейі республикалық орташа көрсеткіштен жоғары болыпты. Бұған процеске қатысушыларға ұқсас істер бойынша жеке сот талқылауы басталғанға дейін даудың ықтимал құқықтық салдары туралы ақпарат беру ықпал етіпті.

Сонымен қатар Жоғарғы сот төрағасы Асламбек Мерғалиев ЖИ адам судьяны ауыстырмайтынын, судьяны қолдау құралы болып қалуы керегін баса айтты. Ол сондай-ақ азаматтардың орналасқан жеріне қарамастан сот қорғауына қолжетімділігін қамтамасыз ететін заманауи, цифрлық және аумақтан тыс сот төрелігінің қазақстандық «Болашақ соты» тұжырымдамасын ұсынып отыр. Ол сот

жүйесінің бұл бағытта дамуы Президенттің ЖИ технологияларын жедел енгізу және цифрлық мемлекет құру бағытына сәйкес келетінін атап өтті.

Құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы, бостандықты және құқықтарды сот арқылы қорғаудағы ілгерілеушіліктерге Бас прокурордың орынбасары Асхат Жұмағали да назар аудартты. Ол қоғамдық және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі шарты ретінде қоғамда «Заң мен тәртіпті» нығайту жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде уәкілетті органдар бірлескен кешенді шаралар қабылдап жатқанын атап өтті.

— Жалпы, оң өзгерістерді байқаудамыз: «Заң мен тәртіп» тек мемлекеттік міндет ғана емес, қоғамдық сұранысқа айналды. Азаматтардың құқықтық санасы артып келеді. Қылмыс жасау тиімсіз әрі қоғам тарапынан айыпталатын орта қалыптасып жатыр, — деді Бас прокурордың орынбасары.

Жыл басынан бері елдегі қылмыстық құқықбұзушылықтар 12%-ға төмендеді. Оның ішінде адам өлтіру — 9%-ға, қарақшылық — 35%-ға, тонау — 21%-ға, қорқытып алушылық — 20%-ға, бұзақылық — 12%-ға, сондай-ақ көшелердегі қылмыстық құқықбұзушылықтар — 19%-ға, қоғамдық орындардағы қылмыстар 20%-ға азайды.

Бүгінде елде «Заң мен тәртіп» идеологиясын қоғамда ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдама жүзеге асырылып жатыр. Оның үш бағдары белгіленді. Бұлар — азаматтардың



Елдар ҚАБА (қолжазба)

құқықтық санасын қалыптастыру, мемлекеттік органдардың ашықтығы және клиентке бағдарлануы арқылы қауіпсіз ортаны құру, сондай-ақ құқық қорғау қызметіне қоғамды белсенді тарту.

Бұған қоса, Тұжырымдама мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары — «Адал азаматқа», «Таза Қазақстанға» және «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» негізделген заңға бағынатын мінез-құлықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, меморгандардың ашықтығына, қауіпсіз орта құруға, азаматтық қоғаммен әріп-

тес- тік орнатуға байланысты негізгі бағыттары да қамтиды.

Қорыта айтқанда, құқықтық саясатты жетілдіруге, құқықтық мәдениетті орнықтыруға және сот арқылы құқық пен бостандықты қорғауға бағытталған әрбір ізгі бастама Қазақстандағы құқық үстемдігі қағидатын нығайтатын берік тұғырға айналады. Өйткені адам құқықтарын қорғау мен мемлекеттің жауапкершілігі өзара сабақтас құндылық ретінде әділетті қоғамның және заманауи құқықтық мемлекеттің басты өлшемі болып қала береді.

Қазақстандық банктердің «өте табысты жұмыс істейтіні» белгілі. Былтырдың өзінде 3 трлн теңге таза пайдаға кенелген. Бірақ ол табыстың қалай келіп жатқаны да әмбеге аян. Халықтың нақты табысы, төлем қабілеті деген параметрлер төмен деңгейде болғанына қарамастан біздегі қаржы ұйымдары пайыздық мөлшерлемесін сол күйі жоғары ұстап келеді. Сөйте тұра, мемлекеттен бірнеше қайтара қаржылай қомақты көмек алған банктер әлі күнге сол берешегін өтей алмай келеді. Жыл басындағы дерек бойынша қарыз қалдығы бір триллион теңгеден асады.

ТРИЛЛИОНДЫҚ ТАБЫС, ӨТЕЛМЕГЕН БЕРЕШЕК

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

Естеріңізде болса, 2017 жылы қаржылық тұрақтылықты арттыру деген бағдарламамен бірнеше банк: Еуразиялық банк, ЦентрКредит Банкі, Bank RBK, Jusan Bank (қазіргі атауы — Alatau City Bank) мемлекетке қол жайған еді. Кейін 2020 жылы Nurbank те мемлекеттік қолдауға ие болды. Оның алдында 2015 жылы «Қазкоммерцбанк» сондай көмек алған. Кейін оны Halyk Bank сатып алды да, қарыз да мұрагерлікпен жаңа ұйымға өтті. Ол уақыттағы «Қазақстанның банк секторын сауықтыру» деген бағдарлама есімізде. Бұған бейжай қарап отыра алмаған мемлекет қарызды қайтару қамына кірісіп, 2023 жылы заңға талап енгізді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі балансында мемлекеттік қолдау қаражаты бар банктерге дивиденд төлеуге шектеу қойды. Ал 2023 жылы мүлде тыйым салды.

БІРІНШІ МИЛЛИАРДЕРДІҢ ҚАРЫЗЫ БӘРІНЕН КӨП

Соған сай жуырда Alatau City Bank мемлекеттен алған 125,3 млрд теңге көлеміндегі қаржылық көмекті мерзімінен бұрын қайтаратынын мәлімдеді. Мұндай шешімді банктің директорлар кеңесі 2026 жылғы 29 маусымда қабылдаған. Сол шешімге сай банк секторын мемлекеттік қолдау бағдарламалары аясында орналастырылған облигацияларды мерзімінен бұрын өтемек. Бұған дейін банк мемлекетке 150 млрд теңге аударған болатын. Соған қарамастан, аталған қаржы ұйымы мемлекет алдындағы ең ірі борышкерлердің бірі болып қала бермек.

Жалпы, әдепкіде мемлекетке қол жайған 7 бірдей қаржы ұйымының бүгінде үшеуі қалған. Жыл басындағы жағдай бойынша банктердің жалпы берешегі 1,1 трлн теңге болса, соның басым бөлігі, яғни 950 млрд теңгесі осы Alatau City Bank-ке тиесілі. Alatau-дың бұрынғы «АТФ» пен «Песнабанктің» қосындысынан пайда болғанын айта кетейік. Сөйтіп, екеуіне тиесілі қарыз жаңадан құрылған қаржы институтының мойнына артылды. Одан бөлек, Еуразиялық банк мойнындағы 120 млрд және Nurbank 42,3 млрд теңгесін төлеп жатыр.

Айта кететін бір жайт, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің заңға енгізген талабын сөз етіп отырған банк байлайша орындайтын болды. Олар 2024 және 2025 жылдардың қорытындысы бойынша жай акцияларына бірден екі жылға 123,4 млрд теңге көлемінде дивиденд төлемек. Ал банктің 164 млн жай акциясы United Group Alatau компаниясының иелігінде. Бұл компаниялар тобы Вячеслав Кимге қарайды. Оған қоса, артықшылықты акциялар бойынша да бірден екі жылдың ақысы — 1,9 млрд теңге дивиденд таратылмақшы. Сайып келгенде, Вячеслав Кимнің қалтасына жай акциялар арқылы түсетін қаражат көлемі банктің мемлекетке қайтаратын кезекті траншына бара-бар.

Соған қарамастан Alatau City Bank әлеуетін құлдыратып алған жоқ. Еліміздегі

мандайалды деген банктердің қатарынан түспей келеді. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының биылғы 1 шілдедегі мәліметі бойынша, еліміздегі қазір жұмыс істеп жатқан 21 банктің ішінде 7-орында тұр. Мұндай рейтингті Moody's халықаралық беделді рейтинг агенттігі бағалап берген.

Банктердің қалтасы қалыңдап келе жатқанын мензеген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та соңғы бірер жылдықта олардың экономикаға лайықты ақша құймайтынын айтып, талай сынап келеді. Соңғы рет 10 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында да осы банктерге тікелей қалалған болатын. Мемлекет басшысының сөзінше, бүгінде еліміздің қаржы нарығындағы жиынтық активтердің 84%-ы банк саласына тиесілі. Дегенмен бизнеске берілетін қарыз үлесі төмен деңгейде қалып, 38%-ды құрап отыр. Ал екінші деңгейлі банктер былтыр «шыбық басын сындырмай», еш қиналмастан 3 трлн теңгеге жуық табыс тапқан.

«Банктер экономиканың негізгі қаржыландыру көзі ретінде өзінің заңды рөліне оралуы үшін жағдай жасау қажет деген сөз талай рет айтылды. Бірақ сылтау таусылмайды. Нәтижесінде банк жүйесіндегі алаяқтық әрекеттерге күә болдық. Ірі, жүйе құраушы банктер мемлекет тарапынан орасан зор көмек берілгеніне қарамастан, дағдарысқа ұшырап, тура мағынасында 1 долларға

сатылды. Қазір банктердің өзіне тартатын қаржы ресурстарының құны жоғары деген әңгіме айтыла бастады. Олардың экономиканы қаржыландыруына осы кедергі келтіріп отыр-мыс. Тағы да қайталап айтамын: бұл ретте Үкімет пен Ұлттық банктің жүйелі, үйлесімді әрі кәсіби тұрғыда жұмыс істегені маңызды. Халықаралық валюта қорының кеңесіне құлақ асып, түрлі терминологияны онды-сонды қолдануға аса көп ақылдың қажеті жоқ. Аздап ойланып, тым болмаса көптеген түйткілді шешуге талаптанып көру, бұл — басқа мәселе», — деген еді Президент.

ҚАРЫЗ БЕН КУРС

Экономист Арман Батаев Alatau City Bank-тің басындағы жағдайды былай түсіндіреді. Оның айтуынша, банк мерзімінен бұрын қайтарудың салдарынан бухгалтерлік шығынға батуы мүмкін. Әлбетте, бұл таза шығынға ұшырады деген сөз емес. Әйтсе де, белгілі бір деңгейде жеке қаражатын азайтуы ғажап емес.

Әңгіме сол Ұлттық банктің 2017 және 2019 жылдары «АТФ Банк» пен «Песнабанкке» көрсеткен мемлекеттік қолдауы туралы болып отыр. Кейін осы екі банктің негізінде қазіргі Alatau City Bank құрылды. Бас банк сонда облигациялық қарыздар берген болатын. Бұл облигациялар бойынша купондық



мөлшерлеме — жылына небәрі 0,1%. Олардың үшеуінің өтеу мерзімі 2034 жылы, ал тағы біреуінікі 2040 жылы аяқталуға тиіс.

Айта кету керек, Alatau City Bank 2034-2040 жылдары өтеу мерзімі белгіленген облигацияларды дәл осындай 0,1% мөлшерлемесмен былтыр құркүйекте 50 млрд теңгесін төлеп, мерзімінен бұрын құтылған болатын. Соның салдарынан банк айтарлықтай бухгалтерлік шығынға ұшырады. Сол айда банктің таза шығыны 27,6 млрд теңгені құраған.

«Енді 125,3 млрд теңге көлеміндегі жеңілдетілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу шамамен 100 млрд теңге көлеміндегі бухгалтерлік шығынға алып келуі мүмкін. Мұнда ақшалай шығын емес, бухгалтерлік шығын туралы сөз болып отыр. Соған қарамастан, бұл банктің меншікті капиталына тікелей әсер етеді және жеңілдетілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеп жатқандықтан капиталы азаюы мүмкін» — дейді экономист.

Назар аударатын тағы бір жайт, шынымен-ақ банктің осынша көлемде қарызын бірден өтеп тастайтындай жағдайы бар ма еді? Ұлттық банк мәліметіне қарасак, мамырдың соңындағы жағдай бойынша Alatau City Bank-тің 61,6 млрд теңге қолма-қол және корреспонденттік шоттарда 211,1 млрд теңге қаражаты бар. Бұлардан бөлек, басқа банктерде 135,4 млрд теңге депозиттері болған.

«Осындай қомақты қарызды бір мезетте өтеу банктің өтімділігіне әсер етуі мүмкін екені анық. Сондықтан менің болжамымша, банк не өзінің қазынашылық (инвестициялық) портфелінің бір бөлігін сатады, не қосымша қаражат тарту үшін жаңа облигациялар шығарады. Сондай-ақ мұндай облигацияларды банктің акционері сатып алуы да мүмкін. Осы тектес жағдайды бұған дейін RBK Bank мемлекеттік қолдауды мерзімінен бұрын өтеу кезінде қолданған», — дейді сарапшы.

Дегенмен ескеретін және бір жағдай, сарапшылардың айтуынша, банктер алғаш 2015 жылы мемлекеттен қарыз алғанда доллар курсы — 180 теңге болған еді. Ал енді ақшаны қайтаратын шақта теңгелей төлеп, АҚШ валютасының курсы есепке алынбай отыр. Орасан миллиардтар ауыз толтырып айтқанға жаксы. Алайда мемлекет берген қаражаттың нақты құны деген мәселе әлі күнге айтылмай келеді.

Қазақстан үшін Жайық – Каспий бассейні – тек балық шаруашылығының орталығы емес, елдің экологиялық қауіпсіздігі мен биоалуантүрлілігін сақтайтын стратегиялық аймақ. Ерекше атап өтерлігі, бұл аймақ әлемдік маңызы бар бекіре тұқымдас балықтардың табиғи көбеюіне мүмкіндік беретін бірегей су жүйесі ретінде ерекшеленеді. Сондықтан мұнда браконьерлікпен күрес жыл сайын күшейіп, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналып отыр.



БЕКІРЕНІ САҚТАУ – ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

А Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

БІР ӨЗЕН – ТҮТАС ЭКОЖҮЙЕНІҢ ТАҒДЫРЫ

Жайық — Еуропа мен Азияны бөліп тұрған табиғи шекаралардың бірі. Оның төменгі ағысы мен Каспийдің солтүстік бөлігі бекіре, шоқыр, қортпа секілді бағалы балықтардың табиғи уылдырық шашатын негізгі орындарының бірі болып саналады. Алайда кейінгі жылдары климаттың өзгеруі, Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі, су тапшылығы, өзен арнасының тайыздануы және заңсыз аулау табиғи популяцияға елеулі қысым түсіріп отыр. Осындай жағдайда браконьерлік әрбір жетілген аналық балықтың жойылуына, ал мұның соны мыңдаған шабақтың көбеймеуіне әкеледі. Сондықтан мамандар браконьерлікпен күресті тек құқықтық мәселе емес, табиғи ресурстарды ұзақ мерзімге сақтаудың негізгі шарты деп бағалайды.

Бекіренің көктемгі миграциясы кезінде қауіп ерекше күшейетіндіктен, елімізде жыл сайын республикалық «Бекіре» табиғат қорғау акциясы ұйымдастырылатыны белгілі. Күні кеше өткен акцияға табиғат қорғау инспекторлары, полиция, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі және басқа мемлекеттік органдардың 1 143 қызметкері қатысты.

Ресми мәлімет бойынша, акция кезінде Жайық — Каспий бассейнінде 226 автокөлік пен квадроцикл, 90-нан астам қатер, 6 әуетехникасы, 39 бақылау бекеті және 26 мобилді топ жұмыс істеді. Бақылау тек су айдындарында емес, республикалық автожолдарда, теміржол бекеттерінде және әуежайларда да күшейтілді. Мамандардың айтуынша, мұндай тәсіл заңсыз өнімді өткізудің бүкіл тізбегін бұзуға бағытталған.

Статистика көрсеткендей, заңсыз аулау фактілерінің басым бөлігі Атырау облысында тіркеледі. Бір жағынан қарағанда, бұл — зандылық. Себебі дәл осы өңір арқылы бекіре тұқымдас балықтардың негізгі миграциялық жолдары өтеді. «Бекіре — 2026» акциясы барысында өңірде жүздеген құқықбұзушылық анықталып, заңсыз айналымнан 8 тоннадан астам балық, оның ішінде бекіре мен кара уылдырық тәркіленді. Жайық — Каспий облысаралық бассейні инспекциясының басшысы Нұрлыбек Гайсиннің айтуынша, республика бойынша екі ай ішінде 1 239 құқықбұзушылық анықталып, 33 қылмыстық іс қозғалды. Табиғатқа келтірілген залал 890 миллион теңгеге жуықтады. Бұл көрсеткіштер браконьерліктің әлі де ұйымдасқан сипатқа ие екенін аңғартады.

тардың негізгі миграциялық жолдары өтеді. «Бекіре — 2026» акциясы барысында өңірде жүздеген құқықбұзушылық анықталып, заңсыз айналымнан 8 тоннадан астам балық, оның ішінде бекіре мен кара уылдырық тәркіленді. Жайық — Каспий облысаралық бассейні инспекциясының басшысы Нұрлыбек Гайсиннің айтуынша, республика бойынша екі ай ішінде 1 239 құқықбұзушылық анықталып, 33 қылмыстық іс қозғалды. Табиғатқа келтірілген залал 890 миллион теңгеге жуықтады. Бұл көрсеткіштер браконьерліктің әлі де ұйымдасқан сипатқа ие екенін аңғартады.

БАЛЫҚ ҚОРҒАУ – ТЕК ПОЛИЦИЯНЫҢ МІНДЕТІ ЕМЕС

Эколог маман Нұргүл Мұратованың пікірінше, браконьерлікпен күрестің нәтижесі бірнеше бағыттың үйлесімді жұмысына байланысты. «Біріншіден, құқық қорғау. Заңсыз аулауға, тасымалдауға

және өткізуге тосқауыл қою. Екіншіден, ғылым. Жайық — Каспий бассейнінде ихтиологтар жыл сайын бекіре популяциясына мониторинг жүргізіп, табиғи уылдырық шашатын орындардың жағдайын зерттейді. Бекіре шабақтарын қолдан өсіріп, өзенге жіберу жұмыстары да тұрақты жалғасуда. Сонымен қатар өңірде акваөсіруді дамытуға бағытталған жаңа жобалар қолға алынууда. Үшіншіден, экологиялық ағарту. Заңсыз ауланған балыққа сұраныс болған жерде ұсыныс та сақталады. Сондықтан қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру, тұрғындардың табиғатты қорғауға жауапкершілігін күшейту — ұзақмерзімді нәтижеге жеткізетін маңызды фактор», — дейді ол.

Қазақстанда қабылданған жаңа Су кодексі су ресурстарын бассейндік қағидат бойынша басқаруға басымдық береді. Жайық — Каспий бассейнінің су инспекциясының басшысы Ғалидолла Әзидуллиннің айтуынша, бұл Жайық — Каспий бассейні үшін ерекше маңызды.

«Себебі өзендегі су көлемі, табиғи ағыс және экожүйенің сақталуы — бекіренің табиғи көбеюінің басты шарты. Су ресурстары мен балық қорын бөлек қарастыру мүмкін емес. Сондықтан гидрологиялық режимді сақтау, өзен арнасын қорғау және су сапасын жақсарту балық шаруашылығының тұрақты дамуына тікелей әсер етеді», — дейді ол.

Маманның айтуынша, Атырау — суға тәуелді өңір. «Өңір аумағында жалпы ұзындығы 1 002 шақырым болатын 13 өзен мен жалпы аумағы 60,31 шаршы шақырымды құрайтын 98 көл бар. Сонымен бірге Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы жағалау сызығының ұзындығы 740 шақырымға жетеді. Облыстың негізгі су көзі — Жайық, Жем, Ойыл, Сағыз, Қиғаш өзендері мен Каспий теңізі. Алайда жер бедерінің жазық болуы, құрғақ климат және табиғи ағынның аздығы салдарынан өңірдегі өзендер негізінен Ресей Федерациясы мен Ақтөбе облысынан келетін транзиттік су арқылы толығады. Жайық өзені — өңірдің басты су артериясы. Оның ағынының 80 пайыздан астамы Ресей аумағында қалыптасады. Сондықтан өзендегі су көлемі көрші елдегі гидрологиялық жағдайға тікелей байланысты, — дейді Ғалидолла Әзидуллин.

Зерттеулер кейінгі жылдары Жайықтағы су көлемінің күрделі өзгерістерге ұшыра-

ғанын көрсетіп отыр. Егер 2017 жылы өзен арқылы 9,3 млрд текше метр су өтсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 5,3 млрд текше метрге дейін азайған. Ал 2024-2026 жылдары жағдай қайта жақсарып, су көлемі айтарлықтай артқан.

Мамандардың айтуынша, көктемгі тасқыннан кейін өзен деңгейін сақтау мәселесі Қазақстан мен Ресей арасындағы трансшекаралық өзендер жөніндегі комиссия отырысында қаралған. Соның нәтижесінде Ресейдегі Иректі су қоймасынан жіберілетін су көлемі секундына 90 текше метрден 141 текше метрге дейін ұлғайтылды.

Өңірде су нысандарын қалпына келтіру бағытындағы жұмыстар да жалғасуда. Жол картасы аясында Атырау қаласы аумағындағы Жайық өзенінің 52,1 шақырымдық бөлігінде түбін тереңдету жұмыстары толық аяқталды. Сонымен қатар Қиғаш өзенінің гидрологиялық режимін жақсарту мақсатында арнаны тереңдету жұмыстары жүргізілуде. Қазір жоспарланған 99,56 шақырымның 92,59 шақырымы орындалып, қалған 6,97 шақырымда жұмыстар жалғасып жатыр. Алдағы жылдары Жылыой ауданында Жем өзенінің бойында Аралтобе су қоймасын салу мүмкіндігі қарастырылуда. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленген.

Қалай десек те, Жайық — Каспий бассейні — тек Атырау өңірінің байлығы емес. Бұл — Қазақстанның халықаралық экологиялық беделіне ықпал ететін табиғи мұра.

Бүгінде мемлекет құқық қорғау шараларын күшейтіп қана қоймай, ғылыми зерттеулерді, жанды өсімді молайтуды және акваөсіру жобаларын қатар дамытып келеді. Бұл — балық қорын сақтаудың кешенді үлгісі. Алайда браконьерлікпен күрестің түпкі нәтижесі тек мемлекеттік органдардың жұмысына байланысты емес. Табиғатты қорғау — бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Заңсыз ауланған өнімнен бас тарту, экологиялық заннаманы сақтау және табиғи ресурстарға ұқыпты қарау арқылы ғана Жайықтың бекіресін келер ұрпаққа аман жеткізуге болады.

Өйткені Жайық — Каспийді қорғау — бір ғана өзенді немесе бір ғана балық түрін сақтау емес. Бұл — Қазақстанның табиғи қауіпсіздігін, биоалуантүрлілігін және экологиялық болашағын қорғау деген сөз.

РЕФОРМА

14 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы мемлекеттің негізгі құндылықтарын іске асыру саласындағы жария биліктің міндеттерін бекітеді. Құжаттағы әр баптың астарына үңілген сайын осы тұжырымның мәні ашылып, пікіріміз беки түседі.



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАР – ЖАРИЯ БАСҚАРУДЫҢ СТАНДАРТЫ

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданып, 2026 жылғы 1 шілдеде күшіне енген Қазақстан Республикасының Конституциясының 3-бабында Республиканың қызмет қағидаттары атап көрсетілген: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң мен тәртіптің үстемдігі, жалпыұлттық бірлік, халықтың әл-ауқаты, жауапты жасампаз патриотизм, қоғамдық диалог, еңбек-қорлық, прогресс, білім, экологиялық мәдениет, тарихи-мәдени мұра және ұлттық мәдениет. Осы бапта адами капиталды, білім беруді, ғылым мен инновацияларды дамыту мемлекеттің стратегиялық бағыты деп танылған.

Құқық қолдану үшін мұндай тұжырымның қолданбалы маңызы зор. Заң шығарушы заңды конституциялық қағидаттармен сәйкестендіреді. Үкімет соның негізінде мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын тексереді. Соттар оларды актілер мен шешімдердің конституциялылығын бағалау кезінде пайдаланады. Мемлекеттік қызмет оларды өтініштерді қарау, әкімшілік актілерді дайындау және ресурстарды бөлу барысында қолданады. 1995 жылғы Конституциямен салыстыра талдау үшін бастапқы материал береді. Практика үшін конституциялық қағидаттардың өкілеттіктерде, рәсімдерде, бюджеттік көрсеткіштерде, цифрлық сервистерде, экологиялық талаптарда және лауазымды адамдардың жауаптылығында қандай тәсілмен бекітілетіні туралы мәселе орталық маңызға ие.

1995 жылғы Конституция қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизмді, мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешуді бекітті. Тәуелсіз мемлекет қалыптасқан кезеңде бұл тізбе құқықтық орнықтылықты, институционалдық сабақтастықты және дамудың негізгі бағдарларын қамтамасыз етті.

Жаңа Конституция аталған модельмен сабақтастықты сақтай отырып, оның мазмұнын нақтылайды. 3-бап адами капиталды, білім беруді, ғылымды, инновацияларды, экологиялық мәдениетті, қоғамдық диалогты және тарихи-мәдени мұраны қамтитын қағидаттардың неғұрлым кең тізбесін белгілейді. Бұл тізбе жария билікке арналған нормативтік міндет ретінде қызымет етеді. Әрбір қағидат заңнамалық рәсімдеуді, әкімшілік рәсімді, қаржылық қамтамасыз етуді және кейінгі бақылауды көздейді.

Мұндай жүйеде конституциялық қағидат өлшенетін нәтижені талап етеді. Халықтың әл-ауқаты кірістер, жұмыспен қамту, әлеуметтік инфрақұрылым және еңбек қауіпсіздігімен байланысты. Қоғамдық диалог шешімдер жобаларын жария талқылау рәсімімен байланысты. Экологиялық мәдениет экологиялық ақпаратты ашу, тәуекелдер мониторинг және мәліметтерді жасыру үшін жауаптылыққа байланысты. Білім мен инновациялар мектептердің, университеттердің, ғылыми бағдарламалардың

және инженерлік даярлықтың сапасымен байланысты.

Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау Республика қызметі қағидаттарының тізбесін ашады. Бұл норма аумақтық тұтастық, стратегиялық таңдаудың дербестігі, мемлекеттік институттардың орнықтылығы, ұлттық құқықтық жүйені қорғау және мемлекеттің сыртқы тәуекелдер жағдайында әрекет ету қабілетімен байланысты.

Конституцияның 4-бабы Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі болып табылатынын бекітеді. Осы ережеден тікелей басқарушылық қорытынды туындайды: мемлекеттік орган өкілеттіктерін конституциялық тәртіп арқылы алынған сеніп тапсырылған құзырет ретінде жүзеге асырады. Жария биліктің шешімі заңдылығы, негізділігі, азаматтардың сеніміне ықпалы және елдің тәуелсіздігін нығайту қабілеті тұрғысынан бағалануға тиіс.

Президент стратегиялық бағытты, мемлекеттік биліктің бірлігін және Конституция кепілдіктерін қамтамасыз етеді. 52-бапқа сәйкес Құрылтай заң шығарушы билікті білдіреді және заңның сапасы үшін жауапты болады. Үкімет орындау, экономикалық жаңғырту, әлеуметтік нәтиже және әкімшілік шешімдер тәртібі үшін жауап береді. Мұндай модельдің орнықтылығы құзыретті нақты ажыратуға және әрбір органның жария есептілігіне байланысты.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау қағидаты мемлекеттің әкімшілік әрекеттерінде: төлемдерді тағайындауда, рұқсаттар беруде, тізілмдерді жүргізуде, өтініштерді қарауда, заңның сақталуын бақылауда, жауаптылық шараларын қолдануда практикалық мәнге ие болады. Азамат үшін Конституция нақты шешімнің сапасы, оны қабылдау мерзімі, уәдмесінің айқындығы және шағымдану мүмкіндігі арқылы көрініс табады.

15-баптың 6-тармағы ерекше мәнге ие. Әрбір адамның мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтеттіруге құқығы бар. Мұндай норма қызметтік тәртіпті өзгертеді. Билік органының қатесі құқықтық баға алуға тиіс, ал бұзылған құқық қалпына келтірілуі керек. Негіздер болған кезде мемлекеттің мүліктік жауаптылығы, қызметтік тексеру және әкімшілік практиканы түзету туындайды.

21-бап жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасылық құпияға, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы қорғауға құқықты бекітеді. Банк операцияларының, жеке салымдардың, хат алмасудың, телефон арқылы сөйлесулердің, пошта және өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Электрондық үкімет үшін мұндай кепілдік деректерді өңдеу мақсатының заңдылығын, қолжетімділікті шектеуді, киберқауіпсіздікті, лауазымды адамдардың әрекеттерін журналдауды, ақпараттық жүйелердің тәуелсіз аудитін

және мәліметтерді заңсыз пайдаланғаны үшін жауаптылықты көздейді.

Жасанды интеллект, ведомстваралық платформалар және мемлекеттік дерекқорлар әкімшілік шешім қабылдауға жеделдік береді. Конституциялық өлшемшарт мұндай жүйелерден алгоритмдердің тексерілуін, дербес деректердің сақталуын, қатені түзетудің түсінікті рәсімін және адамның өз құқықтарын қозғайтын ақпаратқа қол жеткізуін талап етеді. Цифрлық сервис жеке өмір кепілдіктері мен сот арқылы қорғау болған кезде конституциялық талаптарға сәйкес келеді.

«Заң және тәртіп» қағидаты қатаң заңдық мазмұнға ие. Жария әкімшілік үшін ол рәсімнің заңдылығын, құзыреттің нақты бөлінуін, әкімшілік актінің болжамдылығын, шешімнің орындалуға жарамдылығын, құқықтық негіздің ашылуын және өкілеттіктерді асыра пайдаланғаны үшін жауаптылықты білдіреді.

Заңның сапасы құқық қолданудың сапасын айқындайды. Түсініксіз норма шамадан тыс әкімшілік қалауды, қосымша



Конституцияның мәдени блогы тарихи-мәдени мұрамен және ұлттық мәдениетті қолдаумен байланысты. 40-бап азаматтардың тарихи және мәдени мұраның сақтауына қамқорлық жасау, тарих пен мәдени ескерткіштеріне ұқыпты қарау міндетін бекітеді. Мемлекеттік саясат үшін бұл қала құрылысы, білім беру, музей ісі, архив саясаты, мемлекеттік тілді дамыту және ұлттық мәдени институттарды қолдау кезінде мәдени мұраны есепке алуды білдіреді.

келісулерді, сыбайлас жемқорлық тәуекелін және шағымдардың өсуін туындатады. Сондықтан заң үстемдігі қағидаты актілер жобаларына құқықтық сараптама жүргізуді, реттеушілік ревизияны, әкімшілік жүктемені бағалауды және бірыңғай практиканы талап етеді. Азамат билік органына жүгіну шарттарын, құжаттар тізбесін, қарау мерзімін, бас тарту негіздерін және шағымдану тәртібін алдын ала түсінуге тиіс.

Мемлекеттік қызмет үшін заңдылық нәтижеліліктің шарты ретінде көрінеді. Шешім төрт белгі болған кезде орнықты болады: оны құзыретті орган қабылдаған, ол заңға қолжетімділікті, ашық салықтық және уәделген және іс жүзінде орындалуы мүмкін. Мұндай тәсіл күші жойылған актілердің санын азайтады, рәсімдерге сенімді арттырады және орындау тәртібін нығайтады.

Жаңа Конституция қоғамдық диалогқа Республика қызметінің қағидаты мәртебесін береді. Бұл ереженің практикалық маңызы әлеуметтік құқықтарды, кәсіпкерлік ортаны, цифрлық технологияларды, экологияны, өңірлік даму, білім беруді және денсаулық сақтауды қозғайтын шешімдерді дайындаумен байланысты.

Конституцияның VI бөлімі Қазақстан Халық Кеңесін Қазақстан Республикасы халқының мүдделерін білдіретін жоғары консультативтік

орган ретінде бекітеді. 71-бапта оның өкілеттіктері аталған: ішкі саясаттың негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу, Құрылтайға заң жобаларын енгізу, бүкілхалықтық референдумға бастамашылық жасау және конституциялық заң бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Бұл құқықтық құрылым қоғамдық қатысуды тұрақты институционалдық рәсімге енгізеді. Реформалардың сапасы үшін жобаларды ерте жариялау, кәсіби сараптама, өңірлік талқылаулар, ескертулерді есепке алу, қабылданған және қабылданбаған ұсыныстар туралы ашық есеп маңызды. Мәселенің әлеуметтік салдары неғұрлым жоғары болса, консультациялар рәсімі соғұрлым егжей-тегжейлі болуға тиіс. Қоғамдық диалогтың нәтижесі неғұрлым дәл заңнан және орындау сатысындағы басқарушылық қателер санының азаюынан көрінеді.

Халықтың әл-ауқатын арттыру Республика қызметінің негіз қалаушы қағидаттары тізбесіне енгізілген. Мемлекеттік саясат үшін бұл қағидат экономикалық шешімдерді үй шаруашылықтарының кірістеріне, жұмыспен қамтуға, коммуналдық және көлік инфрақұрылымының қолжетімділігіне, медициналық көмекке, білім беруге, еңбек қауіпсіздігіне және кәсіби ұтқырлыққа ықпалы бойынша бағалауды талап етеді.

Адами капитал конституциялық тұрғыдан дербес танылды. Білім беруді, ғылым мен инновацияларды дамыту мемлекеттің стратегиялық бағыты деп жарияланған. Бұдан заң шығарушы мен Үкімет үшін нақты бағдарлама туындайды: білім беру мазмұнын жаңарту, зерттеу университеттерін қолдау, ғылымның өндіріспен байланысын қамтамасыз ету, инженерлік кадрларды даярлау, цифрлық құзыреттерді дамыту, басқарушылық білім беру сапасын арттыру және мемлекеттік қызметті кәсібилендіру.

Бұл саладағы мемлекеттік бағдарламалар түпкілікті көрсеткіштер бойынша бағалауды қажет етеді. Мұндай көрсеткіштерге еңбек өнімділігі, түлектердің жұмысқа орналасуы, нәтижелері енгізілген қолданбалы зерттеулердің үлесі, ғылыми инфрақұрылымның сапасы, зертханалардың қолжетімділігі, жоғары технологиялық өндірістерге арналған кадрлар даярлау, халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі жатады. Бюджеттік тәртіп қаржыландыруды есептілік деректері бойынша тексеруге болатын нәтижемен байланыстыруға тиіс.

Экологиялық мәдениет Республи-ка қызметінің негіз қалаушы қағидаттарының қатарында аталған. 37-бап азаматтарға табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндет жүктейді. Мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін фактілер мен мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

Қазақстан үшін бұл норма өнеркәсіпте, энергетикада, құрылыста, көлікте, су саясатында, цифрлық инфрақұрылымда және өңірлік жоспарлауда қолданбалы маңызға ие. Даму жобасы ауаға, суға, топыраққа, халық денсаулығына, қалалық инфрақұрылымға түсетін жүктемеге және қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындарына әсері бойынша бағалануға тиіс. Экологиялық ақпарат қолжетімді, уақтылы және тексеруге жарамды болуы керек.

Конституцияның мәдени блогы тарихи-мәдени мұрамен және ұлттық мәдениетті қолдаумен байланысты. 40-бап азаматтардың тарихи және мәдени мұраның сақталуына қамқорлық жасау, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарау міндетін бекітеді. Мемлекеттік саясат үшін бұл қала құрылысы, білім беру, музей ісі, архив саясаты, мемлекеттік тілді дамыту және ұлттық мәдени институттарды қолдау кезінде мәдени мұраны есепке алуды білдіреді.

Қазақстан халықаралық ынтымақтастыққа, инвестицияларға, құқықтық диалогқа, тату көршілікке және халықаралық ұйымдарға қатысуға мүдделілігін сақтайды. Бұл ретте Конституция елдің бүкіл аумағында жоғары заңдық күшке ие және тікелей қолданылады. Халықаралық міндеттемелер конституциялық тәртіп пен ұлттық заңнама шегінде орындалады.

Конституциялық бақылаудың жаңа моделі бұл тәсілді күшейтеді. 73-бап халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуын Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан қарауды Конституциялық соттың өкілеттіктеріне жатқызады. Мұндай құзырет мемлекеттің халықаралық жауапкершілігін Конституцияның үстемдігімен, азаматтардың құқықтарын қорғаумен және ұлттық құқықтық тәртіптің тұтастығымен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Құқықтық жүйе үшін бұл бюджеттік міндеттемелерді, азаматтардың құқықтарын, меншікті реттеуді, экологиялық стандарттарды, деректер мен қауіпсіздікті қозғайтын шешімдерді орындау кезінде ерекше маңызды. Конституциялық шектерді бағалаудың айқын рәсімі және шешімнің құқықтық негіздерін жария түсіндіру болған жағдайда халықаралық ынтымақтастық орнықтырақ болады.

Конституциялық қағидаттар заңдар, мемлекеттік бағдарламалар, әкімшілік регламенттер, сот шешімдері, бюджеттік рәсімдер, цифрлық платформалар және экологиялық бақылау арқылы ұдайы тексеруді талап етеді. Ғылымның, заң шығарушының, Үкіметтің, соттың, мемлекеттік қызметтің және қоғамдық институттардың ортақ міндеті қағидаттарды нақты заңдық тетіктерде бекітуден тұрады.

Құқық ғылыми қағидаттардың мазмұнын мен іске асырудағы олқылықтарды анықтауға тиіс. Заң шығарушы өкілеттіктерді, кепілдіктерді, рәсімдерді және жауаптылықты бекітуге тиіс. Үкімет бағдарламалар, бюджеттер, регламенттер және ведомстваралық үйлестіру арқылы орындалуды қамтамасыз етуге тиіс. Сот жүйесі бұзылған құқықтарды қалпына келтіріп, әкімшілік қалаудың шектерін сақтауды қамтамасыз етуге тиіс. Қоғамдық институттар шешімдер жобаларын талқылауға және олардың салдарын бақылауға қатысуға тиіс.

Іске асыру сапасын нақты деректермен өлшеуге болады, атап айтқанда: күші жойылған әкімшілік актілердің саны, өтініштерді қарау мерзімдері, өтелген зиян көлемі, заң жобалары бойынша жария консультациялар саны, қауіпсіздіктің тәуелсіз аудитінен өткен цифрлық қызметтердің үлесі, экологиялық мониторинг көрсеткіштері, білім беру және ғылыми бағдарламалардың нәтижелері. Мұндай жүйеде Конституция мемлекет пен азаматтың күнделікті құқықтық стандарты ретінде қызмет етеді.

Ермек БӨРІБАЕВ,
Г.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
Басқарма Төрағасы — Ректор,
заң ғылымдарының докторы,
профессор

СЕРПІН

14 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ

АБЫРОЙЫ АСҚАҚТАҒАН АУДАН

Биыл Алматы облысына қарасты Райымбек ауданы 90 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Тарихы терең, ел үшін тер төккен талай тұлғаны түлеткен өлкенің дүйім елдің назарынан тыс қалмады десек, жаңылыспаймыз. Тіпті ел билігі де ерекше назарын бұрды.



Алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі Райымбек ауданының 90 жылдық мерейтойына орай тұрғындарға құттықтау жолдағанын айта кетейік. Оны Шалкөде жайлауында өткен «Хантәңірі қазынасы» халықаралық этнофестивалінің салтанатты ашылуында Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев жеткізді.

Президент құттықтауында осы қасиетті мекеннен ел мүддесіне адал қызмет еткен көптеген көрнекті тұлғаның шыққанына тоқталып, бүгінде аудан халқы еліміздің ауыл шаруашылығы, туризм және өзге де салаларының дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өткен.

«Райымбек — тарихы терең, ынтымағы жарасқан берекелі өңір. Осы өнегелі өлкеден көптеген тұғырлы тұлға шығып, ұлт мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етті. Бердібек Соқпақбаев, Мұқағали Мақатаев және өзге де көрнекті қаламгерлер шоқтығы биік шығармалар жазып, өскелең ұрпақтың бойына отаншылдық, білімпаздық, еңбекқорлық қасиеттерін сіңірді.

Қазір аудан халқы ауыл шаруашылығы, туризм және басқа да салаларда қажырлы

еңбек етіп, туған жерін көркейтуге атсалысып келеді. Сондай-ақ олар ел тағдырына әсер ететін бастамаларды үнемі қолдап, ұйымшылдықтың озық үлгісін танытып жүр. Аудан тұрғындарының жалпыхалықтық референдумға белсене қатысып, жаңа Конституцияны қолдауы — соның айқын дәлелі», — делінген Мемлекет басшысының құттықтау хатында.

Президент сондай-ақ өңірдің дамуына үлес қосып жүрген барлық азаматқа ризашылығын білдіріп, аудан тұрғындарына бақ-береке, толағай табыс және ел игілігі жолындағы еңбектеріне табыс тілеген.

Сонымен, Шалкөде жайлауында 90 жылдық мерейтойға арналған «Хантәңірі қазынасы» халықаралық этнофестиваліне оралайық. Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметінің баяндауынша, мерейтой аясында 150-ге жуық ақшанқан киіз үй тігіліп, түрлі тақырып бойынша көрмелер ұйымдастырылды. Онда отандық және халықаралық колонершілер мен этнодизайнерлердің, қылқалам шеберлерінің үздік туындылары, ұлттық тағамдар мен ауыл шаруашылығы өнімдері халық назарына ұсынылды. Ұлттық спорт түрлері-

нен сайыстар өтіп, кіл мықтылар өзара сынға түсті. Мәдени-көпшілік іс-шара халықаралық сипат алып, Қытай, Түркия, Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Армения, Өзбекстан, Грузия елдерінен, Қазақстанның түкпір-түкпірінен қонақтар ағылып келіп, ұлан-асыр тойдың куәсі болған. Бұл ауданның абыройын айшықталып тұрғанын аңғартса керек.

Халықаралық фестивалда Райымбек ауданының тарихи даму жолы мен әлеуметтік-экономикалық жетістіктері таныстырылды. Аумалы-төкпелі заманда елдің қауіпсіздігін күзеткен Райымбек батырдың ерлік істері дәріптелді. Асқар шынды Хантәңірі баурайынан түлеп ұшқан Бердібек Соқпақбаев, Мұқағали Мақатаев, Еркін Ібітанов, Сағат Әшімбаев, Алтынбек Сәрсенбаев және Оразалы Досбосынов сынды біртуар тұлғалардың өнегелі өмір жолы насихатталды. Дала мәдениетін айшықтайтын, қазақ халқының қасиетті «Қарқаралы» жайлау көші көрерменді тарихтың терең қойнауына сапар шектірі. Мәні мен сәні келіскен салтанатты көш көшпелі елдің салт-дәстүрі мен мәдениетінен сыр шертіп, береке мен бірліктің жаршысына айналды. Шетелден келген шеберлердің шеруі де халықтың ерекше назарына ілікті.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев өз сөзінде құт қонған, ырыс ұялаған Нарынқол өңірі халқымыздың рухани мұрасы мен тарихи жадының ажырамас бөлігі екенін айтты.

«Бұл — елі үшін туған Райымбек батырдың, Ұзақ пен Жәменкенің ерлігі өрліген киелі мекен. Ұлттық рухтың бесігіне айналған осы топырақтың қазақ мәдениеті мен әдебиетінің талай бірегей тұлғасы түлеп ұшты. Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуі — осы өңірден шыққан ұлы тұлғалардың мұрасы халықаралық деңгейде мойындалғанының айғағы. Қазақ поэзиясының Хантәңірі Мұқағали Мақатаевтың жырлары — ұлтымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Сол ұлылықтың ізін ала сөз өнерінің туын жықпай ілгері сүйреген сыншы Сағатхан Әшімбаев пен жазушы-драматург Бакқожа Мұхайда — осы топырақтың перзенттері. Ал ай-



тыс өнерінің айтулы өкілдері — Еркін Ібітанов пен Оразалы Досбосынов қазақтың сөз құдіретін асқақтатып, төл өнеріміздің мерейін үстем етті. Мұнымен қоса, бұл құтты мекен ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен, ел басқарған саяси және қоғам қайраткерлерін де дүниеге әкелді. Осындай тау тұлғаларды қалыптастырған Райымбек ауданы ел руханиятының алтын арқауы болып қала береді», — деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ Марат Елеусізұлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдық аймақтарды, стратегиялық маңызы жоғары шекаралық өңірлерді дамытуға, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға әрдайым ерекше басымдық беретінін айтып, осы бағытта Райымбек ауданында да жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын баяндалды. Аймақ басшысының айтуынша, табиғи байлығы мен тарихи мұрасын сақтай отырып, аудан әлеуметтік-экономикалық дамуын жаңа кезеңіне қадам басып келеді. Өзінің аграрлық әлеуетімен еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, облыс экономикасын өркендетуге зор үлес қосуда. Райымбектің брендіне айналған қартоп шаруашылығы мен дәнді-дақылдар өндірісі, мал шаруашылығы — отандық өнімнің алтын стандартына айналып отыр.

«Аймақтың туристік әлеуеті де өте жоғары. Хантәңірі шыңы, тұнық Түзкөл мен Тастау көлдері, Шалкөде жайлауы бұл өлкені еліміздегі ең көркем өңірлердің біріне айналдырды. Осынау қайталанбас табиғат байлығы треккинг, альпинизм,

этнотуризм және экологиялық туризмді дамытуға кең жол ашады. Нарынқол өңірінің осынау экологиялық таза туристік мүмкіндіктері алдағы уақытта халықтың әл-ауқатын көтеретін, аймақ экономикасын өрге сүйрейтін негізгі қозғаушы күшке айналуға тиіс», — деді облыс әкімі М.Сұлтанғазиев.

Райымбек ауданының мерейтойына арналған іс-шаралар легі үш күн бойы Төңіртау төсін думанға бөлеп жатқанын мақтанышпен айтқан жөн. 90 жылдыққа орай Қарасаз ауылында «Құлмамбеттің қулынын құндақтаған өлке» атты айтыскер акын Оразалы Досбосыновты еске алуға арналған ІІ республикалық оқушылар айтысы ұйымдастырылды. Нарынқол ауылында ақиық акын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған акын-жазушылардың қатысуымен ғылыми-танымдық конференция өткізілді. Сондай-ақ аудан орталығында облыс өнерпаздары мен еліміздің танымал эстрадалық жұлдыздарының қатысуымен өткен гала-концерт тұрғындар мен қонақтарға мерекелік көңіл құй сыйлады. Үш күнді думан бүгін Шалкөде жайлауында қорытындыланады. Мерейтой аясында сондай-ақ «Жолан жүйрігі» республикалық ат бәйгесі мен ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтеді. Бәсекенің жүлдесі де қоммақты. Шара қорытындысында табиғатын тазалығын сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбілік өткізілмек.

М.ТӨЛЕУ

Ауыл — елдің алтын бесігі. Оның болашағы — тұрғындарының саны мен сапасына, еңбек әлеуеті мен әлеуметтік тұрақтылығына тікелей байланысты. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «Қаладан — ауылға» қанатқақты жобасы бүгінде нақты нәтижесін көрсетіп, ауылдарға жаңа серпін беріп келеді. Жоба аясында Абай облысында 9 ай ішінде 500 отбасын ауылдық елді мекендерге қоныстандыру жоспарланған болатын. Бүгінде бұл меженің 56 пайызы орындалып, 281 отбасы, яғни 881 адам ауылға қоныс аударды. Олардың қатарында Семей қаласынан көшіп барған 319 тұрғын және еліміздің өзге өңірлерінен келген 562 азамат бар. Бұл — жай ғана статистикалық көрсеткіш емес. Бұл — жаңа ортаға бейімделіп, ауылдың дамуына үлес қосуға ниетті 881 адамның тағдыры, 281 отбасының жаңа өмірге жасаған қадамы.

АУЫЛҒА АҒЫЛҒАН ЖАҢА ӨМІР



Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ, Абай облысы

«Қаладан — ауылға» жобасы азаматтарға тұрақты мекен, еңбек етуге мүмкіндік және жаңа өмір бастауға жол ашып отыр. Қоныс аудару көрсеткіші бойынша Бесқарағай ауданы алдыңғы қатарда келеді. Мұнда жоспарланған 50 отбасының 41-і көшіп келіп, меженің 82 пайызы орындалған.

Екінші орында — Ұржар ауданы. Бұл ауданға 34 отбасы, яғни 97 адам қоныстанып, жоспардың 68 пайызы жүзеге асқан. Үшінші орында — Бородулиха ауданы. Мұнда 30 отбасы (66 адам) жаңа қоныс тапқан.

Аягөз ауданында 27 (103 адам), Жарма, Ақсуат және Жанасемей аудандарында 26, Көкпекті ауданында 25, Мақаншы ауданында 24, Абай ауданында 22 отбасы ауылға көшіп келген. Әрбір көштің артында үлкен өзгеріс жатыр. Бір отбасы ауылға келсе, бір елді мекенге жаңа тұрғын, жаңа маман, жаңа еңбек күші қосылады.

Жобаның басты мақсатының бірі — қоныс аударған азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту. Осы бағытта атқары-

маманы бар. Мәселен, Ақсуат ауданында бағдарламашы, есепші, ветеринария маманы және денешынықтыру мен спорт саласының қызметкері еңбек жолын жалғастыруда. Бұл — ауылдық жерлердегі кадр тапшылығын шешуге бағытталған маңызды қадам.

Қоныс аударған отбасылармен бірге ауылдарға балалар да келіп жатыр. Бүгінде жоба аясында көшіп келген отбасыларда 387 бала бар. Оның 198-і — мектеп оқушысы. Балалардың көпшілігі Бесқарағай ауданында тіркелген — 63 бала. Аягөз ауданында — 53, Абай ауданында — 52, Жарма ауданында — 45, Ақсуат ауданында 42 бала бар. Сонымен қатар Ұржар ауданында — 35, Мақаншы ауданында — 30, Көкпекті ауданында — 26, Жанасемей ауданында — 22, Бородулиха ауданында 19 бала жаңа ортаға бейімделуде. Бұл көрсеткіштер ауыл мектептерінің оқушы санын сақтауға, білім беру ұйымдарының тұрақты дамуына және ауылдағы әлеуметтік ахуалдың жақсаруына ықпал етеді.

«Қаладан — ауылға» жобасының негізгі құндылығы — адамдарға мүмкіндік берудің. Бірі ауылға маман ретінде келсе, бірі кәсіп бастауға ниетті, енді бірі еңбек етіп, отбасының әл-ауқатын арттыруды көздейді.

Бүгінде ауылға көшкен әр отбасы — елді мекеннің дамуына қосылған жаңа үлес. Олар ауылдың әлеуметтік өміріне араласып, еңбек нарығын толықтырып, жергілікті жерлердің дамуына серпін беруде.

281 отбасы мен 881 адамның таңдауы ауылдың әлеуеті әлі де жоғары екенін көрсетеді. Себебі ауыл — тек тұрғылықты мекен емес, ол — еңбек пен берекенің, дәстүр мен жанарудың ордасы.

«Қаладан — ауылға» жобасының мәні тек тұрғындарды бір жерден екінші жерге көшірумен шектелмейді. Бұл — адамдарға жаңа мүмкіндік беру, ауылдарға жаңа тыныс әкелу, өңірлердің дамуына серпін беру бастамасы.

Ауылдың болашағы оның тұрғындарының белсенділігі мен еңбегіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, «Қаладан — ауылға» жобасы қала мен ауыл арасындағы байланысты нығайтып, өңірлердің теңгерімді дамуына бағытталған маңызды қадам болып отыр.

ЖАМБЫЛДА ЖАНДАНҒАН ЖОБА

Ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына — кітап. Сонау ерте түркі жазбаларынан бастап, бүгінге дейін жеткен осынау құндылық өз құнын жоғалтқан емес. Есігімізден цифрлық дәуір ентелеп еңсе де, кітап оқу кенжелеген жоқ. Міне, осы игіліктің жалғасы ретінде Жамбыл жерінде «Кітап оқитын ұлт» жобасы бастау алды.

Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Жалпы, былтыр өңірде «Әулиеата — кітап оқитын өңір» жобасы жанданғанынан ел хабардар. Баянды бастама аясында 7 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылып, 210 мыңға жуық адам қамтылды. Оның ішінде 130 мыңнан астамы — жастар. Енді, міне Мемлекет басшысының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру аясында Жамбылда тағы бір жобаға жан бігіп отыр.

Осы орайда күні кеше облыс әкімі Ербол Қарашөкеев пен «Кітап оқитын ұлт — Читаящая нация» қоғамдық қорының төрағасы Бақытжан Тұрлыбеков кітап оқу мәдениетін дамыту және жобаны бірлесіп жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Кездесуде Ербол Шырақпайұлы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітап оқу мәдениеті мен кітапхана ісін дамытуға ерекше мән беріп отырғанын атап өтті.

— Кітап — ұлттың рухани қазынасы, білім мен тәрбиенің, парасат пен мәдениеттің қайнар көзі. Қоғамның дамуы, ең алдымен, азаматтарының білім деңгейі мен кітапқа деген құрметіне байланысты. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қалыптастыру — бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі, — деді өңір басшысы.

Бүгінде Жамбыл облысындағы 275 мемлекеттік кітапхананың кітап қоры 3 миллион 876 мыңнан асады. Кітапханаларда 224 мыңнан астам оқырман тіркелген. Оқырмандарға қолайлы жағдай жасау мақсатында кітапханалар жанынан 32 коворкинг орта-

лығы ашылып, жастардың кітапханаға келу көрсеткіші айтарлықтай артқан.

Цифрландыру бағытында да бірқатар маңызды жұмыс жүйесін тауып отыр. Атап айтсақ, «Әулиеата кітапханасы» мобильді қосымшасы іске қосылып, оған өңірдің 133 авторының 347 шығармасының электронды нұсқасы енгізілген.

Өңір қаламгерлері де кітап қорын жаңа туындыларымен толықтыруда. Былтыр 22 кітаптың тұсауы кесілсе, биыл жыл басынан бері тағы 18 жаңа кітап оқырманға жол тартты.

Бұдан бөлек, жас буынның кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында облыста «Ой шебері» зияткерлік ойыны жүзеге асырылып келеді.

«Кітап оқитын ұлт — Читаящая нация» қоғамдық қорының төрағасы Бақытжан Тұрлыбеков жоба аясында мектеп оқушылары, студенттер, педагогтер, мемлекеттік қызметшілер, спорт саласының өкілдері, еңбек ұжымдары мен отбасын кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізілетінін айтып отыр.

Алдағы уақытта Жамбыл облысында өңірлік жоба кеңесі құрылып, білім беру және мәдениет ұйымдарында үйлестірушілер айқындалады. Сонымен қатар қатысушыларды тіркеуге және оқылған кітаптарды есепке алуға арналған цифрлық платформа іске қосылады. Жобаға ауылдық және шалғай елді мекен тұрғындарын кеңінен тартуға басымдық беріліп, әрбір отбасының қатысуына мүмкіндік жасалады.

Міне, осылайша жамбылдықтарға рухани сусындауға мол мүмкіндіктер тууда. Енді тек өңір тұрғындары кітап оқуға айрықша ынта танытады деп сенеміз.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы «Энергоинформ» АҚ-ның 100% акцияларын сату бойынша электрондық сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды. Сауда-саттықтың өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 24 шілде, сағат 10:00 (Астана қаласының уақыты бойынша). Сауда-саттық тәсілі: Бағаны көтеруге арналған электрондық конкурс. Объектінің атауы (№451696 лот): «Энергоинформ» АҚ-ның 100% акциялары. Объектінің мекенжайы: Тәуелсіздік даңғылы, 59.

Бастапқы баға: 2 581 948 000 теңге. Кепілді жарна: 287 292 000 теңге. Өтінім қабылдаудың аяқталуы: 2026 жылғы 23 шілде сағат 15:00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша). Сауда-саттық электрондық форматта WWW.PAYDA.E-QAZYNA.KZ веб-порталында өткізіледі. Қатысу үшін порталда тіркелу, ЭПҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) болуы және кепілдік жарнасын аудару қажет. Толық ақпарат, өткізу регламенті және конкурс құжаттамасы көрсетілген интернет-ресурста орналастырылған. Анықтамалар телефоны: +7 (7172) 692856.

АЙНА



14 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Кітап оқу – баланың алдынан дүниенің есігін ашатын ғажайып кілт. Ол кішкентай оқырманның ой-өрісін кеңейтіп, сыни ойлау қабілетін ұштайды, таным көкжиегін кеңейте отырып, ұлттық құндылықтар мен әлем мәдениетінің нәрін бойға сіңіруге көмектеседі. Қазіргі уақытта елімізде балалар арасында кітап оқу мәселесін мемлекеттік деңгейде қолға алынып отыр. Осы мақсатта мәдени ошақтар мен кітапханаларды жаңғырту, заманауи баспа өнімдерін шығаруды қолдау және жастар арасында кітап оқу трендін қалыптастыру бойынша ауқымды әрі жүйелі жұмыстар іске асырылуда.

ОТАНДЫҚ КОМИКСТЕР
ФЕНОМЕНІ

Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде балалар мен жасөспірімдердің басын қосып, қиялдарына қанат бітіріп отырған 300-ден астам кітапхана бар. Олардың сөресінде 7 миллионнан астам құнды қазына көздің қарашығындай сақтаулы тұр. Ең қуаныштысы – осы сиқырлы әлемнің есігін жиі қағатын 1,7 миллионнан астам тұрақты жас оқырман бар. Бұл статистика жаңа буынның кітапқа деген кіршіксіз махаббатының, білімге деген құштарлығының айқын көрсетіп отыр. Кітапханаға жиі бас сұғатын жас оқырман жыл өткен сайын отандық балалар әдебиетіне деген сұраныстың ерекше артып келе жатқанын сезіреді.


Биыл осы үлкен сұраныс пен бала үмітін ақтау үшін кітапхана қорлары балалар мен жасөспірімдерге арналған 42 мың жаңа туындымен толықпақ. Буыны бекіп, ойы толысып келе жатқан жас жеткіншектер үшін бұл әлемдік классиканың інжу-маржандарымен қауышып, қазіргі заманғы үздік әдебиеттің тылсым сырларына үңілуге ашылған үлкен мүмкіндік. Жыл басынан бері кітап дүкендерінен 200 мыңнан астам балалар кітабы өз оқырманын тапты.

«Алты жасар балаға бірнәрсе түсіндіре алмай жатсаңыз, демек ол нәрсені өзіңіз де түсінбегенсіз», — дейді әйгілі ғалым Альберт Эйнштейн. Сондықтан кішкентай балаға кез келген тақырыпты түсінікті әрі оңай түсіндірудің бүгінгі төте жолы — комикс. Бұл — өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттырудың алғашқы қадамы. Қазіргі отандық комикс авторлары тылсымы терең, тұтаст бір ғажайып әлемдерді дүниеге әкеліп жатыр. Онда кешегі күннің аңызы мен ертеңгі күннің белгісіз тұсы бір арнада тоғысып, байырғы фольклорымыз суық та сұсты антиутопиямен қатар өріледі. Ең бастысы, мұндағы кейіпкерлер сырттан келетін жаулармен ғана емес, өз жүрегінің түкпірінде бұғып жатқан ішкі қорқыныштармен, жан дүниесін мазалаған үрей мен күдіктің көлеңкелерімен бетпе-бет келіп, арпалысады. Соның бірі — Әлібек Қожагелдиевтің «Баска Макта қызы». Аталған комикс елге кеңінен танымал «Макта қыз бен мысық» халық ертегісінің интерпретация нұсқасы. Автор оқырмандарды сиқыр мен халық салт-дәстүрлері астақан, жеңіл әзілмен көмкерілген қазақтың жартылай мифтік әлеміне жетелейді. Басты кейіпкерлер — Ерке есімді қыз бала мен оның інісі Қаһар. Бауырларды қауіпті де қызықты шытырман оқиғалар күтіп тұр, себебі Ерке інісін ежелгі қарғыстан құтқаруға тиіс.

Осыдан бірнеше ай бұрын жарыққа шыққан «АТА Creative Hub» баспасынан мың данамен жарық көрген жазушы Сәуле Досжанның «Көк түрік» комиксі «Ұлттық кітап» баспагерлер байқауында «Үздік комикс» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Автор бұл туындыны жазбас бұрын түркі халықтарының фольклоры мен тарихын мұқият зерттеп, көптеген дерек

жинаған. Осылайша, комикстің негізіне көк түріктердің көне тарихы мен байырғы аңыз-әпсаналары арқау болды. Балаларға арналған бұл комикс кітабының сюжеті өте қызықты әрі шытырман оқиғаларға толы. Хикая желісі бойынша, көк түрік тайпасынан шыққан Ашина есімді бала кішкентайында жетім қалып, оны бөрілер асырап алады. Ол ержеткен соң, жан-жаққа шашырап кеткен көк түріктердің басын қосып, дұшпандарына қарсы тұрады және тайпаның көсеміне айналады. Соңында өзінің сүйіктісі, сұлу Гүрбелжінге үйленіп, бақытты өмір кешеді. Бұл туынды мектеп жасындағы балаларды отандық тарихпен таныстырудың және оларды кітап оқуға қызықтырудың жақсы мысалы болып отыр.

Кейінгі жылдары қазақ тіліндегі балалар контентіне сұраныс айтарлықтай артты. Соған байланысты жарық көріп жатқан отандық комикстердің көбі түркі тарихына, батырлар ерлігіне және көне шежірелерге негізделіп жазылуда. Мәселен, Ринат Ахмедиярдың



Besqonaq комиксінің сюжеті оқырманды XIII ғасырға, яғни Қыпшақ хандығы мен Шыңғыс хан шапқыншылығы дәуіріне жетелейді. Басты кейіпкер тұтқынға түсіп, жадын (есте сақтау қабілетін) жоғалтады. Туған ауылындағы қасіреттен кейін, батыр өз есімі мен тағдырын

қайта табу үшін сапарға аттанады. Бұл жолда оған мифтік тіршілік иелері мен өткен шақтың елестері көмектеседі. Бұл — дарк-фэнтези жанрындағы қазақ мифологиясына, тәніршілдікке негізделген комикс. Қазір Besqonaq-тың қазақша және орысша нұсқасы бар. Осындай мазмұнды комикстің қатарын толықтыратын тағы бір автор Жәніс Тасболатовтың «Степь» (Дала) комиксі бар. Бұл оқиға оқырманды XVIII ғасырға — қазақ даласы Жоңғар хандығының қыспағында қалған ең ауыр кезеңге алып барады. Сюжеттің бас кейіпкері — Жанболат есімді кедей жігіт. Күнкөрістің қамын әрең күйттеп жүрген оның жанында тек анасы мен кезінде батыр болған қарт атасы ғана бар. Айналасындағы халық болса, басқыншылардың езіп-жаншуына көніп, амалсыз момындықпен күн кешіп жатады. Алайда Жанболаттың тағдыры бір бойжеткенді жолықтырғаннан кейін мүлдем өзгереді. Осы бір пәк махаббат жігіттің өмірінде үлкен бетбұрыс жасап, оның бойындағы бұғып жатқан күш-жігерін оятады және елді қорғауға деген үлкен үміт сыйлайды.

Ал Ескендір Жандәулеттің QATYGEZ комиксі — қоғамдағы әділетсіздікке қарсы соғыс жариялаған алғашқы қазақстандық антибатыр (жағымсыз кейіпкер) туралы хикая. Кейіпкер қатал әрі ешқандай ымырасыз әрекет етеді, ал комикстің өзі іш пыстырарлық, ауыр атмосфераны айқындай түсу үшін күңгірт әрі бұлыңғыр визуалды стильде салынған. Мағира Тілеубердінің «Мерген» комикстер жинағы қазақ фольклоры мен көне аңыздарынан шабыт алып жазылған. Оқиға желісі соғыстан оралған соң бейбіт әрі тыныш өмір кешуді аңсаған Мерген есімді батыр туралы өрбиді. Алайда оның тыныш өмірі ұзаққа созылмайды: жұмбақ күштер жауынгерді қайтадан шайқасқа араласуға мәжбүр етеді. Бұл жолы батыр туған жеріне қауіп төндірген тылсым дүниенің құбыжықтарымен және о дүниенің тіршілік иелерімен күреседі. Данияр Орынбаев пен Оразхан Жакыптың «Алты адам» комиксінің басты ерекшелігі — оның ортасында бір-біріне еш ұқсамайтын алты кейіпкердің тұрғынында. Олар тек мінез-құлқымен ғана емес, сыртқы келбеті мен салыну стилімен де ерекшеленеді. Себебі әр кейіпкерді бөлек суретші ойлап тауып салған. Содан болар, кітап бетіндегі олардың кездесулері мен өзара диалогтары өте жанды әрі шынайы қабылданады. Оқиға барысында бұл кейіпкерлер әртүрлі қиындыққа тап болып, одан бірлесіп шығар жол іздейді. Сонымен қатар оқырман бұл туындыдан күнделікті өмірде жаксы таныс, күтпеген қызықты жайттарды байқай алады.

Былтыр жарық көрген QAZAQSTAN атты ауқымды танымдық комикстер сериясы халқымыздың рухани әрі дәстүрлі құндылықтарын заманауи форматта насихаттайтын ерекше мәдени-ағартушылық жоба болды. Он бөлімнен тұратын бұл комикстің оқиғасы 13 жастағы Димаш есімді бала мен оның атасы арасындағы тәрбиелік мәні зор диалогтар арқылы өрбиді. Жинақтың әр парағында патриотизм, үлкенге құрмет, ұрпақ сабақтастығы және дәстүрдің манызы көркем суреттермен бейнеленген. Комикске енген «Абай әлемі», «Сенің батырларың кім?», «Ұлт ұстазы», «Төрт түліктің патшасы» және «Қазақтың жаны» сияқты бөлімдер балаларға қазақ халқының даналығы мен тарихын, ұлттық мәдениет пен адамгершілік құндылықтарды қарапайым әрі ұғынықты тілмен танытады.

Суретті хикаялардың осы бір сан қырлы әлеміне үнілгенде, заманауи графика мен көне тарихтың астақан ғажайып үрдісін көреміз. Бәлкім, бүгінгі жас буынның жүрегіне жол тауып, оларды тарих пен әдебиетке баулудың ең жарқын, ең заманауи кілті де осы комикс әлемінде шығар.

ТЕАТРҒА 2,8 МЛН
КӨРЕРМЕН КЕЛДІ

2025-2026 жылғы театр маусымы еліміздің театрлары үшін табысты аяқталды. Осы кезеңде ел театрлары 16 мыңнан астам спектакль ұсынып, 410 жаңа қойылымды сахналады. Жалпы 2 832 835 көрермен театр өнерін тамашалады.



Маусымның басты жетістіктерінің бірі — театр репертуарының мазмұны мен жанрлық аясының кеңеюі. Айрықша қойылымдардың қатарында «Астана Опера» театрындағы «Қыпшақ қызы Аппак» операсы, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрындағы «Ұлы Жібек жолы» балеті, «Астана Балет» театрындағы «Кармина Бурана» балет-кантатасы, Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрындағы Әбіш Кекілбаевтың «Күй» драмасы және Михаил Лермонтов атындағы Ұлттық орыс драма театрында сахналанған «Господа Головлевы» спектаклі бар.

Маусым бойы театр ұжымдары ел ішінде де, шетелде де белсенді өнер көрсетті. Осы кезеңде 539 гастроль ұйымдастырылып, театрлар 191 халықаралық және республикалық фестивалға қатысты. Бұл театр өнерінің еліміздің әр өңіріндегі көрерменге кеңінен жол тартуына және қойылымдардың кеңінен танылуына серпін берді.

Еліміздің театрлары халықаралық деңгейде де жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры «Ұлпан» спектаклімен Бішкекте өткен ART-ORDO халықаралық театр фестиваліне қатысып, Гран-при жүлдесімен қатар, төрт аталым бойынша марапатқа ие болды.

Халықаралық байқауларда өзге шығармашылық ұжымдар да табысты өнер көрсетті. «Астана Опера» театрының El Voice вокал тобы Ставрополь қаласында өткен «Солдатский концерт» халықаралық байқау-фестивалінде Гран-при жеңіп алды. Ал «Астана Опера» театрының скрипкашысы Бағдат Әбілханов Дәлиань қаласында өткен GRAND ART EXPRESS-CHINA халықаралық орындаушылық өнер байқауында I орын иегері атанды.

РОБОТОТЕХНИКА
ЖҮЙІРІКТЕРІ

Қазақстандық оқушылар Гонконгта өткен робототехника жарысына қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

PhysTech School Almaty мектебінің PEAK командасы чемпионаттың ең жоғары марапаттарының бірі — 1st Runner-Up атағын жеңіп алды. Сондай-ақ команда ең инновациялық көрме аймағы үшін берілетін Most Innovative Booth Award арнайы жүлдесімен марапатталды. Robot Game санатында 6-орын иеленіп, әлемнің үздік командаларының қатарына енді. Ал Future Axions 218 тобы халықаралық командалар арасында екінші орынға ие болды.

FIRST LEGO League Hong Kong Championship — балалар мен жасөспірімдерге арналған робототехника және STEM бойынша ірі халықаралық және ұлттық чемпионат. Биыл бұл турнирге әлемнің 30-дан астам елінен 120 үздік команда, 900-ден астам оқушы қатысты.



Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Батыр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4762
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Муканов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,